# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

12.04.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№13 (8127)



KÚN TÁRTIBI
ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДА
2-бет

AINA
ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА СІЛКІНІС ӘКЕЛГЕН
3-бет

TULǴA
«ҚАНЫШ АҒАМЕН ЕКІ РЕТ КЕЗДЕСТІМ»
4-бет

ÁLEÝMET
ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ ҒҰМЫРНАМАСЫ
5-бет


## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ



***Қымбатты Отандастар!***

Бүгін елімізге және әрқайсымызға қатысты аса маңызды Үндеу жариялап отырмын.

Еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымында өткізу туралы шешім қабылдадым. Мен бұл жауапты шешім бойынша Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен ақылдастым. Парламенттің қос палата спикерімен, Премьер-Министрмен кеңестім. Конституциялық Кеңестің келісіміне жүгіндім. Парламенттегі партия жетекшілерімен кездестім.

Кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау – өте маңызды әрі қажетті қадам.

Біз Елбасымыздың арқасында тәуелсіз, қуатты мемлекет құрдық. Қазақстан халықаралық жүйеде өзіне лайықты орнын алды. Бізді ықпалды және белді мемлекет ретінде бүкіл әлем мойындайды.

Қазіргі таңда тарихи кезеңді бастан өткеріп отырмыз. Жоғары билік заңды және бейбіт жолмен ауысты. Бүкіл әлем қоғамдастығы осы оқиғаны түсіністікпен және құрметпен қабылдады.

Мемлекет басшысы ретінде мен өзімнің міндетімді және жауапкершілігімді терең сезінемін.

Президент лауазымына кіріскеннен бастап өңірлерді аралап жүрмін. Халықтың көңіл-күйін жақсы білемін. Зиялы қауыммен, еңбек ұжымдарымен, бизнес өкілдерімен, инвесторлармен, халықаралық тұлғалармен кездестім.

Біз Елбасының сара жолымен жүреміз. Халқымыз – біртұтас. Тәуелсіздігіміздің ең жоғары құндылығы ретінде мемлекетіміздің іргесі мығым. Алдағы Президент сайлауы осыған дәлел болуы керек. Сондықтан, елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз етіп, алға басу үшін, әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді лайықты жүзеге асыру үшін бізге айқындық қажет. Оның үстіне, әлемдегі ахуал бұлыңғыр болып тұр. Бұл Отанымыздың қауіпсіздігіне сын-қатер әкелуі мүмкін. Ішкі және сыртқы саясаттағы сабақтастық пен тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды ойдағыдай сәтті әрі тиімді іске асыруымыз керек. Ол үшін аталған тағдырлы шешімді қабылдадым. Мұндай шешім тек халықтың тікелей еркімен сайлауда қабылдануы қажет.

Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады.

Мен, Мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін! Бұл – менің берік ұстанымым!

Алдымызда зор міндеттер тұр. Мен халқымызға, яғни Сіздерге сенемін. Қадірлі Отандастар!

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді». дейді дана халқымыз.

Алдағы сайлауға баршаңызды барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры Сіздердің шешімдеріңізге тікелей байланысты!

## СЫРТ ҚАЛУҒА БОЛМАЙДЫ

**Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 9 сәуірде телеарналар арқылы халыққа Үндеу арнап, 2019 жылдың 9 маусымында елімізде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы шешім қабылдағанын жариялады. Президенттік өкілеттік мерзімінің аяқталуына әлі біршама уақыт барына қарамастан мерзімінен бұрын кезектен тыс сайлау өткізу туралы бұл шешімге қандай көзқарас болуы мүмкін? Әрине, өте дұрыс, дер мезгілінде қабылданған шешім екені талассыз. Неге?**

Біздің елімізде 19 наурыз күні ең жоғарғы биліктің бейбіт жолмен ауысуы болғаны мәлім. Қазақстанның жаңа Президентінің Конституция бойынша 2020 жылға шейін өз міндетін атқара беруіне де болатын еді. Бірақ, ол кісі мінеки, мерзімінен тыс Президент сайлауын жариялады. Бұл шешімнің қоғамда жақсы қабылданып жатқаны байқалады. Еліміздегі негізгі саяси партиялар алдағы шешімді қолдайтындарын, сайлауға қатысатындарын, өз үміткерлерін ұсынатындарын мәлімдеп те үлгерді. Тіпті, кейбір үміткерлердің есімдері сіздер осы жолдарды оқып отырғанда анықталып қалуы да мүмкін. Мысалы, «Ақ жол» партиясы съезді 13 сәуірде, «Nur Otan» партиясы 23 сәуірде шақыратындарын мәлімдеді. Президенттікке кандидат сол съезде анықталатын болады.

Сонымен, шешім неліктен дер мезгілінде қабылданды деп санаймыз? Өйткені, халықтық сайлау арқылы берілген мандат жаңадан сайланатын Президентке өз міндетін ешқандай алаңсыз атқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайда Президент сайлауын өткізуді тиісті заңға сәйкес, 2020 жылға қалдыру қоғамда белгілі бір дәрежедегі ыңғайсыздық ахуалын қалыптастыруы да мүмкін еді. Сондықтан да, биліктің түпкілікті ауысуын қамтамасыз ету қажет болатын және кезектен тыс сайлау осы мақсатты көздейді деп ойлаймын. Сол себепті де, алдағы сайлауды өз басым кезектен тыс керекті сайлау ретінде қабылдадым.

Ендігі мәселе, сол сайлаудың қалай өтетіндігінде. Кімдер үміткерлікке ұсынылады? Олардың арасынан нағыз елдің көшін алға сүйрейтін азаматты таңдай аламыз ба? Жоқ әлде ұсақшылдыққа ұрынып, «бұл ана ауылдың азаматы ғой», «егер анау түскенде дауыс беруге болатын еді, ол түспегендіктен дауыс беруге барғым келмейді» т.т. қаптаған сылтау-себеп іздеуге емес, уақытымызды бәйгеге қосылатын үміткерлердің ішіндегі ең лайықтысына таңдау жасауға жұмсағанымыз абзал. Өйткені, ел тағдырын қолына кімнің ұстайтыны өте маңызды екенін айтып жатудың өзі артық. Ал, сол таңдау мүмкіндігі Сіз бен бізге беріліп отырғанда, одан сырт қалуға болмайды.

**Абдолла ДАСТАНОВ,**
**«Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.**

АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

**Ғасырға жуық уақыттан бері бүкіл қазақ елінің ғылымымен қоса өндірісі ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің игілігін көруде. Ол – Кеңес металлогения ғылымының негізін салушылардың бірі, Ұлытау-Жезқазған мыс кен орындарын ашушы. Сондай-ақ, еліміздің барлық саладағы ғылымын дамыту жолында зор еңбек сіңірді. Сәтбаев тек Орталық Қазақстан ғана емес, Батыс өлкенің ұлутасынан мұнайына дейінгі кен байлықтарын да кеңінен зерттегені белгілі. Алтай қойнауы қазба байлықтарының ерекшелігі де алақанында еді. Қазақстан Ғылым Академиясын ұйымдастырып құрды, тұңғыш президенті болды. Осындай кемеңгер ғалым, үлкен жүректі адамның елуінші жылдардың басында орынсыз қудалауға ұшырап, жазықсыз жапа шеккені жанға батады.**



## ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІ АДАМ

Қазақтың асыл азаматы жалынды жастық шағынан бастап, барлық саналы ғұмырын Үлкен Жезқазғанның болашағы мен игілігіне арнады. Қаныш Имантайұлы Том технология институтын бітірген 1926 жылдан 1941 жылға дейін Ұлытау-Қарсақбай қойнауын шарлап, қазыналы өңірдің байлығын ел кәдесіне жарату жолында орасан зор еңбек сіңірді. Бүгінгі алып кеніштер мен зауыттар, дәулетіне сәулеті келіскен Жезқазған-Сәтбаев шаһарлары Қаныш ағаның орындалған асыл арманының жемісі. Кен байлығын ел игілігіне айналдыру үшін бірлесіп еңбек ететін көптеген жас мамандарды шақырып, қатарға тартумен жалықпай айналысты. Иосиф Богданчиков, Саид Сейфуллин, Аркадий Кузнецов, Таисия Кошкина, Үгедей (Сергей) Бөкейханов Қанекеңнің басшылығымен Жезқазған геология мектебінің негізін салуға мол үлестерін қосты. Бертінде бұл қатарды Василий Штифанов толықтырды. Сәтбаев үлкен ғылымның жолына түсіп, Алматыға аттанғанда мұндағы ісін жалғастыруды білікті геолог Василий Штифановқа сеніммен тапсырған болатын. Ғалымның ізін басқан шәкірті В.И.Штифанов 1941 жылдан бастап геологиялық барлау экспедициясын басқарды. Ол Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген геологы, Сәтбаев және Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы атанып, 2 мыңға жуық адамы бар үлкен экспедицияның геологиялық барлау жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыра білді. Осы қызметін 75 жасқа дейін абыроймен атқарып, 2000 жылы өмірден өтті. Бірнеше ғылыми мақалалар жазған Василий Ивановичтің қала архивінде жеке қоры бар. Осы қордағы біраз істерден Қаныш Сәтбаевтың әр жылдарда Штифановқа жазған хаттарымен танысуға болады.

Қанекеңнің Василий Ивановичпен бірге Саид Нагимовичке (Сейфуллин), Иосиф Богданчиковке жазған хаттары да ұшырасады. Хаттарының көбінде кен аймақтарын барлауға байланысты нақты тұжырымдары мен ұсыныстарын үнемі жазып отырған. Сондай-ақ, бұл кісілердің сұраған өтініштеріне байланысты көмек жасалатынын да жеткізеді. Қаныш Имантайұлы Алматыда Ғылым Академиясын басқарып жүрген кезінде, не болмаса, орынсыз қудаланып Мәскеуге кетуге мәжбүр болғанның өзінде туған өлкесіне айналған Жезқазғанның жағдайын бір сәт те естен шығармағаны аңғарылады. Әрбір жазған хатында геолог барлаушылар ұжымына сәлем жолдайды. Мәселен, 1943 жылғы 17 мамырда жазған хатында Жезқазған аймағына 4 отряд жіберіп отырғанын айта келіп, оның бірі Шайтантас, Айыртау, Ешкіөлмес қойнауын барласа, екіншісі Мықтың сирек металдары мен Терісаққанның ультра негізді кен қалдықтарын, үшінші топ Тұзкөл мен Сумолдың гидрогеологиясымен айналыссын деп нақты бағыттарын айқындап тапсырғанын көреміз. Жалпы осы жерде айта кетуге болады, Қаныш ағаның Сарыарқаның металлогендік болжам картасы геология саласы үшін өмірлік құнын жоймас, мәні зор, айқын бағытты компас екені даусыз. Ғалым геолог сол кезеңде-ақ Керегетас пен Балбырауында темір кенінің қоры 200 млн. тоннадан асатынын, Жездіде 3,5 млн. тонна сапалы марганец, Қияқтыда 83 млн. тонна қоңыр көмір, Найзатаста 1,5 млн. тонна темір-марганец кені, Ақшоқы мен Шайтантаста алтын кенінің жүлгелері, Мықта молибден, Ұлытауда қалайы, Айыртауда хромит бар екенін дәлелдеген еді. Осы ауқымды зерттеулердің нәтижесінде металлогендік карта өмірге келгені анық. Сәтбаевтың болжамдарында Жезқазғанның оңтүстік батысында газ бен мұнайдың қоры бар екені де көрсетілген. Құмкөл мұнай кен орнының ашылуы осының дәлелі болуы керек. Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағандыда қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы сонау 1929 жылдың өзінде мәселе көтерген екен. Қаныш Имантайұлы 1935 жылы жазған «Қазақстан мысы». деген мақаласында Жезқазған, Қоңырат кен орындарымен қатар Бозшакөл және Алтай кен көздері тобы туралы да айтады. Осының айқын дәлеліндей, «Қазақмыс». компаниясы Бозшакөлде қуатты мыс комбинатын іске қосқаны белгілі.

Енді В.И.Штифановтың архив қорындағы кейбір құжаттардағы жайларға оралайық. Ұлы ғалым туралы шағын естелікті шәкірті 1988 жылы 15 қаңтарда жазып, хаттарымен бірге архив қорына өткізсе керек. Василий Иванович бұл естелігінде былай деп жазыпты: «Қ.И.Сәтбаев 1951 жылы Қазақ КСР ҒА президенттігі қызметінен босатылды. Жаздың соңына қарай ол Жезқазған кентіне келіп, біздің үйге тоқтады. Вокзалда оны мен ғана қарсы алдым. Бір-екі күннен кейін ол геологиялық барлау партиясының жаңа «Газ-63». машинасымен Жезқазған-Ұлытау аймағының кен бағыттарын аралауға шықты. Қ.И.Сәтбаев ара-тұра Жезқазған руднигіне оралып, дала қойнауында жазғандарын өңдеп, бірер күн демалып қайтадан жолға шығып жүрді. Ол осы сапарында тек біздің аймақты аралаумен шектелген жоқ, Атбасар, Баянауыл, Жаңаарқа өңірлерінде және Қарағанды облысының көптеген аудандарында болды. Менің байқауымша, ол адамдармен бұрынғыша емен-жарқын сөйлесіп жүрді. Кемеңгер геологқа таныс қазақтар, барлау партиясындағы бұрғылаушы орыс мастерлері де бұрынғыша жақсы ілтипаттарын білдірумен болды. Бұл адамдарды ол менің пәтерімде қабылдап жүрді. Ал, көптеген инженер-техник қызметкерлерінің одан сырттаңқырап жүргені байқалды.

►►*4-бетте*

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

## АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ

**Адалдық, ашықтық, жауапкершілік, есеп берушілік – тек сөздер ғана емес. Бұл – сыбайлас жемқорлықтан азат қоғамның басты құндылықтары.**



Қылмыстық шаралар маңызды, бірақ проблеманы түбегейлі шешуді қамтамасыз етпейді. Тіпті, өлім жазасы шенеуніктердің пара алуын әлі де тоқтатпаған Қытайдың мысалы осыған дәлел.

Бүкіл қоғамның ауқымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру – бұл ұзақ мерзімді процесс. Бірақ, жеке деңгейде әрқайсымыз оны өте тез жасай аламыз. Ең бастысы – ниет пен ерік.

Азаматтық қоғам анағұрлым ашық және белсендірек бола бастады. Мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық кеңестермен бірге арнайы мониторингтік топтар мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға айтарлықтай үлес қосуда.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Ыңғайлы фронт-кеңселері бар сервистік әкімдіктер ашылуда. Форматында 180-нен астам мемлекеттік мекеме жұмыс істейтін open space енгізілуде. Жақында ғана оны Шымкент қаласының әкімдігі де жасады. Кім біледі, мүмкін, бұл әкімдіктер үшін жаңа челленджің басы болар.

Біз әзірлеген «Digital Agent». және «Ашық бюджеттердің интерактивті картасы». it-өнімдері Қазақстандағы кез келген адамға мемлекеттік сервисті жақсартуға және ұялы телефон арқылы бюджеттің шығыстарын, құрылыс сапасын, жолдар жөндеуін бақылауға теңдесі жоқ мүмкіндік береді.

Бизнес-қоғамдастық та айтарлықтай дамып келеді. Бизнесті және инвестицияларды қорғауға арналған Protecting Business and Investments жоба шеңберінде бізбен 300-ден астам компания жұмыс істейді. Олар парасыз – адал бизнесті жүргізуге өзіне міндеттеме алды.

Өскелең ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты дамыту үшін еліміздегі барлық мектептерде «Адал ұрпақ». клубтары ашылды. Колледждер мен жоғарғы оқу орындары деңгейінде академиялық адалдық қағидаларын және олардың қызметінің ашықтығын нығайтуға бағытталған «Саналы ұрпақ». жобасы іске асырылуда.

Мемлекеттік қызметшілердің санасын трансформациялау мақсатында Мемлекеттік басқару академиясы ауыл және аудан әкімдерінің көпшілігін жобаларды басқару, тиімді коммуникациялар, этика және адалдыққа үйретті. Сондықтан, біз олардың жұмысының ашықтығы мен клиентке бағдарлануының нақты ұлғаюын күтеміз.

Адал қоғамды құру шағын істерден басталады. Солардың бірі сатушылары жоқ адалдық дүкендерінің ашылуы болды. Жарты жылдың өзінде «Адалдық дүкені». орындарының 3700-ден астамы ашылды: мемлекеттік органдарда, жоғарғы оқу орындарында, мектептерде, соттарда, тіпті полицияда. Сатып алушыларға кедергісіз қызмет көрсетуді ашып жатқан «Рамстор». және «Магнум». сияқты танымал супермаркеттер желілерінің біздің идеямызды қолдауы қуантады. Әрине, сіздер Алматы метросындағы адалдық турникеті туралы да естіген шығарсыздар. Бұл бастама күшейе түсуде.

Оң өзгерістер, сіздер көріп отырғандай, бар. Жеке жобалар мен іс-шаралар ауқымды емес көрінуі мүмкін, алайда бірге олар ортаны және қоғамдық сананы өзгертетін пазлды құрайды.

Біздің барлық бастамаларымыз Мемлекет басшысы әділ атап өткендей сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттің ғана емес, барлық азаматтардың міндеті деген ұғымды әрбір қазақстандықтың сана-сезіміне жеткізуге бағытталған.

Достар, біз Тұңғыш Президенттің тапсырмасына сәйкес «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер». республикалық жобасын Adaldyq alańy жүзеге асырудамыз. Мемлекеттік қызметтің сапасын жақсартқысы және тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жойғысы келген кез келген ынтасы бар адам оған қосыла алады. Тек сіздердің белсенді қолдауларыңызбен ғана жоба жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысқа айналады.

**Алик ШПЕКБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы**

САЙЛАУ-2019

## КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ БАСТАЛДЫ

**9 маусымда өтетін кезектен тыс президент сайлауына кандидаттарды ұсыну 28 сәуірде аяқталады. Бұл туралы сәрсенбі күні ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров хабарлады.**




Комиссия отырысында ол ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары сайлау туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленгенін айтты.

Науқанның жекелеген кезеңдерінің ұзақтығын айқындау үшін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 66-1-бабы негізге алынды. ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы жөніндегі іс-шараларды өткізу мерзімдерін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді. Осы жоспарға сәйкес, ҚР Президентінің лауазымына кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындалғаннан келесі күні, яғни 2019 жылғы 10 сәуірде басталып, ағымдағы жылдың 28 сәуірінде сағат 18-00-де аяқталады, – деді К.Петров.

## ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА 1 МЫҢНАН АСТАМ ШЕТЕЛДІК БАЙҚАУШЫ КЕЛЕДІ

**ҚР Орталық сайлау комиссиясы ағымдағы жылдың 9 маусымында өтетін кезектен тыс президент сайлауына 1 мыңнан астам шетелдік байқаушының келетіндігін болжап отыр.**

– Қазіргі уақытта қанша халықаралық байқаушы болатындығын тек қана болжай аламыз. Ол алдағы уақытта белгілі болады. Мәселен, өткен сайлауларда 1 024-тен бастап 1633-ке дейін байқаушы тіркелген. Осы жолғы сайлауда да осы мөлшерде, бір мыңнан астам халықаралық байқаушы болады деп ойлаймыз – деді ОСК мүшесі Зәуреш Бимолдина аталған комиссияның отырысынан кейінгі баспасөз мәслихатында.

Осы ретте ОСК төрағасы Берік Имашев 2015 жылы өткен президент сайлауында қандай халықаралық ұйымдардан қанша байқаушы келгендігін айтып берді.

– ЕҚЫҰ ДИАҚБ миссиясынан – 291, ТМД байқаушылары миссиясынан – 410, ШЫҰ миссиясынан 10 және басқа да ұйымдардан 99 байқаушы келді. Мұнан бөлек еліміздің Сыртқы істер министрлігінде аккредиттелген БАҚ болды. Олар – 168 адам, – деп нақтылады Берік Имашев.

Ал, ОСК мүшесі Бақыт Мелдешов жақын күндері еліміздің Сыртқы істер министрлігіне шетелдік байқаушыларды аккредиттеу туралы арнайы хат жіберілетіндігін атап өтті.

## ӘР ҮМІТКЕРГЕ – 7,5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

**ҚР Президенттігіне үміткер ретінде тіркелген әрбір кандидатқа сайлау науқанын жүргізу үшін бюджеттен 7,5 млн теңгеден беріледі. Бұл туралы бүгін ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина мәлімдеді.**

– Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 12-бабына сәйкес, Орталық сайлау комиссиясына сайлау науқанына қажет етілетін шығыстардың (Президенттікке үміткер әрбір кандидатқа бөлінетін шығыс – ред.) болжалды сметасын есептеу өкілеттігі берілген. Ол түзілгеннен кейін Үкіметке ұсынылады. Қаржы бөлу туралы шешімді Үкімет бекітеді. Сайлау кезектен тыс болғаннан кейін бұл қаражат резервтен бөлінеді. Біздің болжалды сметамыз Қаржы министрлігінің қарауынан өтеді. Президенттікке үміткер әрбір кандидатқа бюджеттен шамамен 7,5 млн теңгеден бөлу керек деп есептеп отырмыз, – деді ол.

Оның атап өтуінше, мемлекет кандидаттарға республикалық бюджеттен теңдей қаржы бөлінуіне кепілдік береді.

– Бұл – БАҚ-та сайлауалды сөз сөйлеуіне арналған: радиода – 10 минут, телеарнада – 15 минут, екі материал жариялау, кандидаттың жария іс-шаралары мен үгіт материалдарын шығару, сонымен қатар, сайлаушылармен кездесуін ұйымдастыруға жұмсалатын қаражат. Яғни, бұған үй-жай жалдау мен көлікке кететін шығындар да кіреді, – деді С.Мұстафина.

## САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ 25 ПАЙЫЗЫ АЛҒАШ РЕТ ДАУЫС БЕРЕДІ

**«Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі Динара Сәдуақасова кезектен тыс президенттік сайлауға қатысты өз ойымен бөлісті.**

Осы жолғы сайлаудың бір ерекшелігі, аталған науқан Жастар жылында өтеді. Екіншіден, кейбір сарапшылардың есебіне сәйкес, сайлауға баратын азаматтардың төрттен бір бөлігі алғаш рет дауыс береді. Бұл дегеніміз, сайлаушылардың 25 пайызы алғаш рет дауыс бермекші. Бұл аз адам емес. Сол себепті биылғы сайлау науқаны қызықты өтетін сияқты. Әрине, мен де өз дауысымды беремін. Сондықтан барлық жастарды сайлауға атсалысуға шақырамын. Сайлаушылардың бұл бөлігі сайлаудың нәтижесіне айтарлықтай әсер ете алады, – деді Д.Сәдуақасова Қазақстандағы жастар ұйымдарының арнайы кеңесінде.

## САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАШАН ЖАРИЯЛАНАДЫ?

**2019 жылдың 9 маусымында өтетін кезектен тыс президент сайлауының қорытындысы 16 маусымға дейін жарияланады. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров мәлімдеді.**

– Күнтізбелік жоспардағы бірқатар баптар сайлау процесіне қатысушыларды сайлау комиссияларының құрамдары сайлау учаскелерінің орналасқан жерлері, сайлаушылардың тізімдерімен танысу үшін ұсыну мерзімдері туралы ақпараттандыру мерзімдерін белгілейді. Осылайша дауыс беру 9 маусымда Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 7.00-ден 20.00-ге дейін өтеді, – деп айтты Петров.

Оның айтуынша, дауыс беру аяқталған кезден бастап 12 сағаттан кешіктірмей сайлау учаскелерінде дауыстарды санау жүргізіледі.

Әкімшілік-аумақтық бірлестіктер бойынша дауыстарды санау нәтижелері аумақтық комиссиялардың отырыстарында белгіленеді. Дауыс нәтижелері Орталық сайлау комиссияларына екі күн мерзім ішінде, яғни 11 маусымнан кешіктірілмей жеткізіледі. Орталық сайлау комиссиясы сайлау нәтижелерін белгілеу мен жариялауға, сайланған президентті 7 күн ішінде тіркеу көзделген.

– 25 мамырдан бастап әрбір азамат сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімінде бар-жоғын көре алады. Ал дауыс беру қорытындысы 2019 жылдың 16 маусымына дейін кешіктірілмей жарияланатын болады, – деді Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары.

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров президенттікке кандидаттарды ұсыну құқығы 2019 жылдың 28 сәуірінде сағат 18.00-де аяқталатыны туралы мәлімдеді.

Сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары президенттікке үміткерлерге қойылатын талаптарды нақтылап, Қазақстан президенттігіне кандидаттардың кем дегенде 114 мың қол жинауы қажет екенін айтқан болатын.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ АҚСАП ТҰР

**Қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев бастаған жұмыс тобы көше тазалығын қадағалау мақсатында рейдке шығып, Б.Момышұлы атындағы көшенің 22-үйін бетке алды. Аталған мекенжай қала орталығында орналасқанмен мұндағы тазалық мәселесі ақсап тұрғаны баршаға мәлім. Тұрғындардан бөлек айналадағы ірі сауда орталықтары мен шағын дүкендерден, сондай-ақ, дәмханалардан шығатын қоқыстардың бәрі осы қоқыс алаңына бейберекет тасталады. Өкініштісі сол, жағымсыз иіс пен жел тұрса қаңбақша ұшқан қоқыстың жанында балалар алаңсыз ойнап жүр.**



Қоқыс алаңында жиналған жұмыс тобын көрген 22-үйдің тұрғындары өтініш-тілектерін айтуға асықты. Әрине, оларды бірінші кезекте қоқыс мәселесі алаңдатады. «Терезелерді ашудан қалдық» деп налыған тұрғындар тіпті қоқыс алаңын көшіруді де ұсынды.

– Нұржан Серікұлы, Сіз біздің мәселеден хабардарсыз. Қоқыс күнбе-күн тазаланып жатады. Дегенмен, көзді ашып-жұмғанша алаң қайта толып қалады. Көріп тұрсыз қоқыс жәшіктерінің бәрі бос. Екі аттауға еріне ме, қоқыстарын жарты жолда тастап кете барады. Бір-екі рет тіпті ескерту жасаймын деп, сөзге де қалдым. Мына жер қоқыстан көз ашсын десек, қоқыс алаңын басқа жерге көшіру қажет, – деген Ақырыс Есжанованың ұсынысын өміршең ету екі талай. Өйткені, маңайда қоқыс алаңын орнатуға ыңғайлы



жер жоқ. Сондықтан, Нұржан Серікұлы осы мекенжайдағы тұрғын үйлерге қызмет көрсететін «Самға» және «Арман Аида» пәтер иелері кооперативі төрағаларына бірлесіп бейнебақылау камераларын орнатуды ұсынды. Олар да ұсынысты қос қолдап қолдады да, екі аптаның ішінде бейнебақылау камерасын орнатуға сөз берді.

Тұрғындар көтерген екінші мәселе қоқыс алаңы маңайына қиыршық тас төсеу болды. Сонымен қатар, Б.Момышұлы көшесіндегі 22-үйдің тұрғындары өз күшімен тұрғызған қоршауды қоқыс әкетуге келген жүк көліктері құлатқанын айтып, қоршауды қалпына келтіруді сұрады. Қоқыс алаңынан он метр жерде орналасқан балалар алаңқайының да тозығы жеткенін көрдік. Жөндеу жұмыстарын қажет ететін алаңқайда балалардың денсаулығына қауіп төндіретін шұңқырлардың барын да тұрғындар жасырмады. Былтыр құбыр ауыстырған мекеме оны ретке келтіруге ұмытып кеткендей. Тұрғындардың өтініштеріне құлақ асқан Нұржан Орынбаев аталған мәселелердің бәрі оң шешімін табатынына сендірді.

Осылайша тұрғындармен пікір алмасып тұрған топтың көзінше қоқысты бейберекет тастағандарда табылды. Олар тіпті еш қымсынбады да. Солардың бірі жақын маңда орналасқан «Айша» дүкенінің сатушысы еді. Ол қолындағы қорапты жәшікке емес, жанына қойып кетуді әдетке айналдырғаны көрініп-ақ тұрды. Жасы елулерге жақындаған келіншек «білмедім» деп ақталды. Ал, «Салих» дүкенінің еден жуушы қызметкері: «Маған қоқысты осында таста деген. Ештеңе білмеймін», – деп жүре жауап беріп, қолындағы қораптарын тастай сала, жұмысына қарай жүгіре басты. Оның соңынан ере барған бізге дүкен сатушысы «Сәт Тазалық». кәсіпорнымен жасасқан келімісшартын көрсете алмады. Дүкен иесіне телефон арқылы хабарласып, мән-жайды түсіндірмек болған Нұржан Орынбаевтың сөзін құлаққа ілмеген жеке кәсіпкер өз қателігін мойындамастан, өзге кәсіпкерлерге күйе жағып, айыптауға көшті. Осылайша, жеке кәсіпкерге қатысты хаттама толтырып, ол әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болды. Алаңның сыртында үйіліп жатқан қоқыстардың бірі «Кооператор». сауда орталығында бутигі бар Кәсіпкерге тиесілі екені анықталды. Қораптың сыртына жазылған телефон нөмірі арқылы табылған құқық бұзушы дереу оқиға орнына шақыртылды. Оған жергілікті полиция қызметінің тәртіп сақшысы хаттама толтырып, ескерту жасаса, Нұржан Орынбаев қоқыс тастаудың тәртібін түсіндірді.

– Аталмыш қоқыс алаңына қоқыс тастамас бұрын жеке кәсіпкер «Сәт Тазалық» кәсіпорнымен келісімшарт жасауы қажет. Сондай-ақ, мұндай қораптар бұзылып, бүктеліп арнайы қоймаға жиналғаннан кейін «Сәт Тазалық» қызметкерлері өздері алып кетеді. Қоқыс алаңына тек үйден шыққан тұрмыстық қатты қалдықтар ғана тасталуы тиіс, – деп егжей-тегжейлі түсіндірген қала әкімінің орынбасары Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505-бабын бұзған жеке кәсіпкер бүгін ескерту алса, келесі жолы 30 АЕК көлемінде айыппұл төлеуге міндеттелетінін еске салды.

Бір сағаттың ішінде бірнеше әкімшілік құқық бұзушылықтың куәсі болған топ үйінен қоқыс шығарған балалардың шалалығын да аңғарды. Шалалық деудің өзі артық сияқты. Жасы он бестердегі қыз бала қолындағы екі дорба қоқысын жәшіктен бес метр жерден тұрып лақтырды. Әрине, ол жәшіктің ішіне түспеді. Әндете кері үйіне бет алған қыз өзіне жасалған ескертуден сабақ алды деу қиын. Осы ретте, ата-аналар үйде, ұстаздар қауымы мектеп қабырғасында жастардың тазалық мәдениетін қалыптастыруға ден қойса деген ой келеді. Сонда ғана бүгінгі ұрпақтың бойында онсыз да ластанып жатқан табиғатқа деген қамқорлық сезімі пайда болар еді.

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505-бабында: «Қалалар мен елді-мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ, қалалар мен елді-мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады», – деп жазылғанын тұрғындарға жеткізуді сұраған жергілікті полиция қызметінің басшысы Аманжол Кәрімов 2019 жылдың үш айында аталмыш бап бойынша 320 тұрғынға хаттама толтырылғанын айтты. Олардың 280-і ескертумен шектелсе, қалғаны 20 АЕК көлемінде айыппұл төлеген. Дегенмен, қалтасы қағылса да жүгенсіздікке қайта жол беретіндер де бар көрінеді.

– Қаламызда тазалықты сақтау үшін аз тер төгіліп жатқан жоқ. «Сәт Тазалық» мекемесінен бөлек барлық пәтер иелері кооперативі тұрғын үй, аула, қоқыс алаңдарының тазалығына жауапты. Сонымен қатар,көктем мен күз айларында сенбіліктер өткізу дәстүрге айналды. Қала тазалығын сақтау бойынша үгіт-насихат жұмыстары да күшейтілді. Дей тұрғанмен, жағдай оңалар емес. Абаттандыру қағидасын бұзғандарды заң жүзінде жауапқа тартқаннан басқа амал қалмағандай, – деген Нұржан Орынбаев барша қала тұрғындарын туған жерге жанашырлық танытуға шақырады.

Ал, біз өз кезегімізде қала тұрғындары «Жиналған жер емес, шашылмаған жер таза» деген қағиданы өмірлік ұстанымы етсе дейміз. Жезқазғанның тазалығы баршамызға ортақ болғандықтан, жауапкершілікті сезіне отырып, өңірдің гүлденуіне біркісідей атсалысуымыз қажет.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# СЕНБІЛІККЕ БІРКІСІДЕЙ АТСАЛЫСТЫ



**Көктем келісімен адамзат баласы тазалыққа ұмтылары анық. Міне, Жезқазған жұртшылығы да биылғы жылдың бірінші сенбілігіне шықты. Қалалық сенбілікке барлығы 612 еңбек ұжымынан 11 463 адам жұмылдырылып, көше мен аулаларды күл-қоқыстан тазартты. Қалалық автокөлік жолдары басқармасына тиесілі 26 арнайы техниканың көмегімен 120 га жер жиналды. Сондай-ақ, қала тұрғындары қолдан жасап алған 6 қоқыс алаңы жойылды.**

Сенбілік пен таза бейсенбіліктерде қала көшелері жиналғанмен, тіршіліктің нәрі мен қаланың шырайын келтіріп отырған Кеңгір су қоймасының жағалауы әзірге қамқор қолдарды күтіп жатқанын айтқымыз келеді. Қала тұрғындары жағалауды жинауға жұмылдырылмаса да, кешкілік серуенге барғанда жөнсіз қоқыс тастамаса, оның өзі үлкен көмек болмақ.

1 сәуірде бастау алған қаланы санитарлық тазалау, абаттандыру мен көгалдандыру бойынша көктемгі екі айлық 8 маусымға дейін жалғасатын болады. Айлық аясында екі облыстық және үш жалпы қалалық сенбілік ұйымдастыру жоспарланған. Сонымен қатар, апта сайын таза бейсенбіліктерде әр мекеме мен кәсіпорын өзіне тиесілі жерді тазартуға атсалысады. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген халықтың ұрпағы болғандықтан, жезқаланы жасыл желекке орандыру да жылма-жыл қолға алынуда. Қаланы көгалдандыруда былтырдан бері еліміз бойынша өтетін республикалық ағаш отырғызу күнінің алар орны зор. 20 сәуірде өтетін ағаш отырғызу күнінде қала көшелері мен аулаларға мыңдаған тал отырғызылады.

Туған қаламызды қоқыстан арылтып, шырайына шырай қосу, таза қала атына сай ету – әрбір тұрғынның міндеті. Сондықтан, тазалық бар жерде, тәртіп те, мәдениет те болатынын еске сала отырып, барша жезқазғандықтарды игі істен құр қалмай, қаланың гүлденуіне үлес қосуға шақырамыз.

Сенбілік күні рейдке шығып, көше-көшені аралаған учаскелік полиция қызметкерлері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505-бабын бұзған 5 азаматқа қатысты хаттама толтырып, 12345 теңге көлемінде айыппұл салды. – Алдағы уақытта да тәртіпті күшейтіп, тазалықтың сақталуын қадағалаймыз, – дейді жергілікті полиция қызметінің басшысы Аманжол Кәрімов.

**Бота ШАЛҚАР**

# МЕШІТ АУЛАСЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Қашаннан қазақ халқы тазалыққа аса мән берген. Осы ретте ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің: «Сабаз болсаң жердей бол, жер бәрін шыдап көтереді, таза болсаң судай бол, су бәрін жуып кетіреді», – деген сөзі еріксіз еске түседі. Тазалық мәселесін асыл дініміз исламдағы басты шарттардың бірі ретінде де қарастырылған. Жалпы, Ислам діні тазалықты екіге бөліп қарастырады. Ол – сыртқы тазалық және рухани тазалық. Қазіргі таңда сыртқы тазалық мәселесі нашарлап, қоршаған орта ластанып жатқаны жасырын емес. Әрине, бұған себепші – өзіміз.

Біздің басты міндетіміз – айналамыздағы қоршаған ортаны таза ұстау. Ағаш отырғызып, табиғатты аялау. Негізінде біздер бүлдіруші емес, бүтіндеуші, қиратушы емес дұрыстаушы, зиян келтіруші емес, пайда әкелуші болуымыз қажет. Дінімізде қоршаған ортаны бүлдірмеу ғана емес, оны қорғау да жиі насихатталады. Атап айтқанда, ағаш отырғызу мен құдық қазу діни тағылымдарда мақталып, мұсылмандар



осы істерге жұмылдырылған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз қолымен құрма ағашын егіп, мұсылмандарды солай істеуге шақырып: «Қандайда бір мұсылман ағаш егіп немесе егін ексе, ол егістіктен адамдар, құрт-құмырсқалар мен құстар жеп азықтанатын болса-дағы, міндетті түрде өзіне сауап ретінде кері қайтады», – деген.

Өкінішке қарай, бүгінде көшеде бейберекет қоқыс тастау, темекі тұқылын лақтыра салу, тал сындыру сынды келеңсіздіктермен бетпе-бет жолығып жүрміз. «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қала тазалығы бәрімізге ортақ міндет әрі сын болғандықтан сенбі, жексенбі күндері Ахмет ишан Оразайұлы мешітінде сенбілік өтті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», деп бұл сенбілікке мешіт ұжымымен, мұсылман қауым жамағаты атсалысты. Мешіттің айналасында тазарту жұмыстары жүргізіліп, қоқыстар сыртқа шығарылып, көгалдандырылды. Тазарту жұмысына қатысқан барша ағайынға мешіт ұжымы алғысын білдіре отырып, қала тұрғындарын жан дүниемізбен қоршаған ортаны аялауға үндейміз.

**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің баспасөз қызметі**

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

# ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДА

**Жақында ғана ашылған үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығында мемлекеттік мекеме мен үкіметтік емес сектордың бірлескен жиыны өтті.**




Тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі қоғамдық бірлестіктер мемлекетпен етене жұмыс жүргізіп, бірқатар әлеуметтік мәселенің шешілуіне ықпал етіп келеді. Бүгінде еліміздегі барлық үшінші сектор өкілдері шығыстың тәжірибесіне сүйеніп, азаматтық қоғамның дамуына ықпал етуде. Жезқазғанда қызмет ететін 100-ден аса қоғамдық бірлестіктің жұмысы осы сөзге дәлел. Бүгінде аталған үкіметтік емес ұйымдар қоғамның барлық саласын қамтып отыр.

Барлық қоғамдық бірлестіктердің басын қосатын ресурстық орталықта қалалық ішкі саясат, білім, мәдениет, спорт, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, пробация бөлімдерінің өкілдері мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері жиналды. Мұндағы басты мақсат – мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдардың арасында алтын көпір орнатып, бірлесе жұмыс жасауды жолға қою.

Шараны қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова ашып, жүргізді. Ол өз сөзінде мемлекеттік емес ұйымдар қаланың әлеуметтік, мәдени өміріне белсене атсалысып, қоғамның ажырамас бөлшегіне айналғанын атап өтті.

Азаматтық қоғамның мүшелері саналатын үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар мен мемлекеттік гранттар республика деңгейінде бөлінетіні белгілі. Мысты қаланың қоғамдық бірлестіктері әлеуметтік тапсырысты жеңіп алу үшін бақтарын сынап, біліктіліктерін арттыруға ниетті. Бірақ, грантты ұтып, жобамен жұмыс жасау үшін басқа әріптестермен байқауға түсіп, өзінің тың идеялары мен ұтқыр ойларын көрсете білу керек. Ресурстық орталықтағы кездесу барысында қоғамдық бірлестіктердің жетекшілері өздерінің идеялары ортаға салып, толғандырған сұрақтарына тұщымды жауап ала алды. Ал, мемлекеттік мекеме басшылары өз кезегінде құжаттама, заңдық тұрғыда кеңестерін берді.

**Арайлым ЕРКОҢЫРОВА**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

**Осыдан тура екі жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы «Егемен Қазақстан». жалпыұлттық республикалық газетінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». мақаласын жариялады. Қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан мақала қоғамдық сананы жаңғыртуға бастайтын нақты қадамдарды атап көрсетуімен құнды.**

# ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА СІЛКІНІС ӘКЕЛГЕН

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – жай ғана мақала емес, мазмұны терең, ауқымы кең, ұлт руханиятын XXI ғасыр биігіне көтеретін, санада сілкініс туғызатын іргелі бағдарлама. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынды. XXI ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақ феноменін анықтап берді. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынды.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін». қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ.

Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер». бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Сондай-ақ,«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы». жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет». жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады. Бұл ретте мақалада айтылатын киелі жерлер картасын жасау, туризмді дамыту бағыттары тарихи ескерткіштер мен ірі тарихи оқиғаларға бай Ұлытау-Жезқазған өңірімен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім». жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. «100 жаңа оқулық». жобасы да республика деңгейінде сәтті жүзеге асуда. 2018 жылы осы жоба аясында қазақ тіліне аударылған әлемдік деңгейдегі озық туындылар қаламыздың, оқу орындарының кітапханаларына жеткізіліп, жұртшылыққа қол жетімді болып отырғанын айта кеткен жөн.

Елбасы мақаласы жариялана салысымен қаламызда аталған бағдарламалық құжат талаптарын жұртшылыққа түсіндіру, оны жүзеге асыру бойынша кешенді шаралар қабылдау ісі басталып кетті. Қарағанды облысы «Рухани жаңғыру». жобалық кеңсесінің жобалар тізбесіне қаламыздан барлығы «Рухани жаңғыру». бағдарламасының «Тәрбие және білім»., «Атамекен»., «Туған жер»., «Рухани қазына». сынды басты бағыттары қамтылған 14 жоба енді. Бүгінгі таңда ол жобалардың ішінде сегізі жүзеге асырылды. Бағдарлама аясында қаламызда Кетбұқа бабамыздың ескерткіші бой көтеріп, айналасы абаттандырылғанын, аулаларға Street Workout көше тренажерлары орнатылғанын, актерлық шеберлік мектебі, жас ақындарды қолдауға бағытталған «Жаңа өлеңмен жүздесу». жобалары сәтті жалғасын тапқанын да айта кеткен жөн. Осы игі іс-шаралардың қатарына қаламызда өткен «Ата-бабам – салт-дәстүрім». этнофестивалін, «Жомарт жүрек». меценаттар форумын да қосуға болады. Бұл ретте «Рухани жаңғыру». жобаларын жүзеге асыруда туған қаласына деген ерекше құрметін паш етіп жүрген демеуші азаматтардың, үкіметтік емес ұйымдардың еңбегі зор.

Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің негізгі міндеттерінің бірі үкіметтік емес сектормен байланыс, азаматтық қоғам институттарын дамыту десек, жыл сайын үкіметтік емес ұйымдармен мемлекеттік мекемелердің өзара байланысы артып келе жатқанын байқаймыз. Мемлекет үкіметтік емес секторды әлеуметтік, экономикалық, құқықтық мәселелерді шешудің сенімді серіктесі ретінде көреді. Жезқазған қаласында өткен жылы үкіметтік емес ұйымдардың облыстық форумы өтті. 2018 жылға әлеуметтік тапсырысты ұйымдастыру үшін жергілікті бюджеттен 26,600 млн. теңге бөлініп, ірі әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. Олардың қатарында Жезқазған қаласы ардагерлер кеңесінің жұмысын қолдау, журналистер арасында қала әкімінің сыйақысын беру, ҮЕҰ форумын өткізу және ұйымдастыру, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған шаралар, сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу, Елбасы Жолдауын насихаттау бойынша іс-шаралар, жастар саясатын жүзеге асыру, еңбек дауларының алдын алу, отбасы құндылықтарын насихаттау, «Үздік бизнес жоба». сынды әлеуметтік маңызды жобалармен қатар, Ұлытау-Жезқазған аймағының сакралды орындарына экскурсия ұйымдастыру, жастар арасында туған жер тарихы туралы шығарма жазудан байқау өткізу сынды Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». мақаласындағы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нақты іс-шаралар да болды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің озығын алып, тозығынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтылған. Мақала тек мемлекеттік органдардың мәдени саладағы жұмысына бағыт-бағдар ғана беріп қоймайды, тұтастай қоғамның қасаң қағидалардан арылуына, білімді басты құндылық етіп алуға, бәсекелестікке қабілетті болуға үндейді. Өткен жылдың 21 қарашасында жарияланған «Ұлы Даланың жеті қыры». мақаласында да Елбасымыз қазақ халқының өткен тарихын қастерлеп, көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан өлшеусіз үлесін паш ете отырып, мемлекеттік органдарға бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді. Ендігі міндет пен мақсат – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету, қоғамның жұдырықтай жұмылып, бірлік танытуы.

**Мереке МЫРЗАБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы**

# ҒАРЫШҚА ҚОЛ СОЗҒАН ҚАЛА

**Түсті металлургияның ошағына айналған Жезқазған жер-жаһанға сары алтындай сапалы мысымен әйгілі болуымен қатар, кейінгі жарты ғасыр ішінде ғарышқа қол созған аймақ ретінде де әлем жұртшылығына таныла бастағаны анық. Өйткені, Байқоңырдан ұшқан ғарыш кемелері мен ғарышкерлердің қайтып оралғанда табан тірейтін жері осы өңір. Сонау заманның өзінде «Жезқазған — ғарыш айлағы» деген сөз тіркесі қалыптасты, ән-жырға өзек болды. Кейінгі кездері осы екпініміз басылып қалғандай. Оның да өзіндік себептері бар. Қаламыздың 65 жылдығы қарсаңында металлургтер мекенінің ғарышпен байланысты тұстарын еске алып өту артық болмас деп ойлаймыз.**

Иә, космонавтиканың бедерлі іздерін Жезқазған қаласынан көптеп көруге болады. Қалада Тоқтар Әубәкіров атындағы Оқушылар сарайы бар. Онда космонавтика мұражайы жұмыс істейді. «Ғарыштану» үйірмесі құрылған. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлымен тығыз байланыс орнатқан. Батыр ұшқыш мұнда екі рет қонақта болған, ұлағатты сөз арнап қолтаңбасын қалдырған. Музей Самарадағы «Прогресс» ғылыми-өндірістік зымыран-ғарыш орталығымен де хабарласып, сәлем-сауқат алысып тұрады. Ал, Жезқазған облыс орталығына айналған жылы қаладағы жаңа көшелердің біріне Ғарышкерлер бульвары деген атау берілген-тін. Бүгінде қарағай мен шырша көмкерген осы сәнді бақжолдың өзіндік тарихы бар. Талай марқасқа ғарышкерлер мысты қаланың құрметті қонағы болғаны белгілі. «Байқоңыр» атын иемденген олар түсетін арнайы қонақүй салынды. Ең алғаш 1973 жылы 29 қыркүйек күні жерге сәтімен оралған Василий Лазаревтен бастап, 1991 жылы 2 қазанда ғарышқа сапар шеккен қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровке дейінгі талай батырлардың табаны тиген бұл бақжолдың орны бөлек.

Қаланың көрікті жеріне айналған бақжолда әуелден бір жақсы дәстүр қалыптасқан. Келген ғарышкерлермен кездесу өткізетін алаң Ғарышкерлер аллеясына айналып, айналасына қонақтар қолымен қарағай отырғызылды. Қазір Ғарышкерлер бульварының төрінде көкке қарап бой түзеген қаншама жасыл қарағайлар жайқалып тұр. Әр ағаштың түбінде тасқа жазылған таңбадан оны қай ғарышкер, қашан отырғызғанын оқып білуге болады. Аралап қарап жүрміз. Мына бір зәулім қарағай 1973 жылы 29 қыркүйекте ғарышкер Олег Макаровтың қолымен отырғызылса, әрі қарай «Климук, Рукавишников, Быковский» деп жалғасып кете береді. Тоқтар мен Талғаттың еккен қарағайлары да бой түзеп тұр. Тоқтар Әубәкіров ғарыштан оралғаннан кейін бір айдан соң 1991 жылдың 13 қарашасында арнайы қонақ болып келгенде еккен қарағай бұл. Соның қарсаңында Батыр ұлға Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді. Кенді өңірдің ғарышпен байланысын мынадан-ақ көре беріңіз. Қала тарихында бүгінде 217 Құрметті азамат атағын алғандар тіркелсе, соның ішінде бұл мәртебелі атақ 56 ғарышкерге беріліпті. Ю. Гагарин мен В.Терешковаға алғашқы ұшқыш ғарышкер ретінде беріліпті, ал қалғандары тікелей осы топыраққа табаны тигендер.

Сөз жоқ, Жезқазған — ғарышқа көз тігіп, қол созған аймақ. Оның белгілері Ғарышкерлер бульварының екі жағында да мен-мұндалап көзге түсіп тұрғанын көріп жүрміз. Бақжолдың төріндегі сәулеттік композициялық стелла «Ғарыш» деп аталады. Ол 1976 жылы ашылған қаладағы бірегей ескерткіштердің бірі. Адамзаттың ғарышқа ұмтылуының белгісін айшықтайтын сәулеттік туынды жер анаға нұрын төгіп, көк аспанға көз тігіп тұр. Ескерткіш айналасында ғарышкерлер портреттерінің галереясын қою көзделген еді. Бірақ, әзірше жүзеге аспай келеді. Қазір бақжолды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Мүмкін осы игі істің аясында бір шешім жасалар. Ал, осы бульвардың шығыс жақ шетіндегі Алғашқы құрылысшылар алаңында «Ғарышты бағындырушылар» монументі бар. Бұл ескерткіш 1977 жылы орнатылған. Онда бейнеленген ғарышқа бет алып, тік көтеріліп бара жатқан алып зымыран және әлемді шарлауға сапар шеккен ұшақ биіктікті бағындырудың символындай көңілге ерекше күш-жігер құяды.

Ғарыш айлағына айналған Жезқазған аймағы аспан әлемін шарлап, жерге табан тіреген талай ғарышкерлерді аман-есен қарсы алып, құрметпен дәм-тұзын ұсынды, даладай дарқан көңілмен иықтарына шапанын жапты. Ұлтымыздың ұлылығын аңғартты. Тәуелсіздікке қол жеткен соң ғарышқа қатысты еліміздің жаңа тарихы жазылуда. Батыр ұлымыз Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы көк жүзін еркін шарлап халқымыздың даңқын аспандатты. Одан кейінгі ғарыш шежіресін жалғастырған Талғат Мұсабаев 1994 жылдан бастап 3 мәрте көкке самғады. Ең ұзақ ұшудың рекордына қол жеткізді. Ал, 2015 жылдың 2 қыркүйегінде ғарышқа сапар шеккен ұлтымыздың тағы бір батыр ұланы Мәди Айымбетов ғарыш арқылы ғылыми зерттеудің жаңа беттерін жазды. Олардың әлі ізбасарлары болары да даусыз. Иә, осылай. Тасқа басылған тарихты ешкім өшіре алмайды. Ғарыш пен Жезқазған қашаннан егіз ұғымға айналған.

**Амандық РАХҰЛЫ**

## *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

***1970 жыл***

• Сәуір айында Кеңгір су қоймасының суы алғаш рет жоспарланған мөлшерде 378,0 м-ге дейін толтырылды.

• 22 сәуірде кен-металлургиялық комбинатының тарихи-өдірістік мұражайы ашылып, алғашқы директоры болып С.Бүкіров тағайындалды.

• 17 қарашада Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №450 шешімімен Жезқазған қаласында емдеу-сауықтыру диспансері ашылды.

• «Гипротүстімет» институтының бұрынғы филиалы мен бөлек ғылыми-зерттеу кәсіпорындар зертханаларының негізінде Жезқазған түсті металлургия институты құрылды.

• Кен өндірудің жаңа технологиясын әзірлеп енгізгені және өздігінен жүретін жабдықтарды пайдалана отырып, тау-кен жұмысы процестерін кешенді механизациялағаны үшін Ю.Башиловқа, М.Бөпежановқа, В.Гурбаға, Д.Ешпановқа, Ғ.Омаровқа, Т.Урумовқа КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

• ЖЭС-да №8 қазандық іске қосылды.

• №10 «Ұшқын» балабақшасы ашылды.

• «ЖЭС-Мыс зауыты» электр беру жүйесі іске қосылды.

***1971 жыл***

• Жаңа мыс қорыту зауыты пайдалануға беріліп, 23 ақпанда алғашқы мыс алынды.

• 9 наурызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №196 шешімімен Жезқазған қаласының бас суретшісі болып Л.Ядренцев тағайындалды.

• 17 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №316 шешімімен Жезқазған қаласында Қазақ КСР мәдени ескерткіштерді сақтау ұйымының қалалық бөлімі құрылды.

• «Орбита» станциясында түрлі-түсті хабарлар көрсететін қондырғы іске қосылды.

• Перзентхана үйінде балалар бөлімі ашылды.

• №30 «Ертөстік» балабақшасы ашылды.

• №26 сегізжылдық аралас мектеп болып қайта құрылды.

• Жезқазған мыс зауытында электролит цехы іске қосылды.

• Қараша айында ЖЭС №9 қазандық іске қосылды.

• Жаз айларында мыс қорыту зауытының еңбеккерлері демалатын демалыс аймағы ашылды.

***1972 жыл***

• 1972 жылдың қыркүйек айы мен 1976 жылдың ақпан айы аралығында қалалық атқару комитетінің төрағасы Владимир Трофимовия Лейченков болды.

• 14 наурыздағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №91 шешімімен қаланың 4-ші және 5-ші шағын аудандарын ажыратып тұрған көшеге ЖТКК-ның №№31, 32 шахталарының бастығы, атақшы бұрғышы болған Ы.Анарқұловтың есімі берліді.

• ҚКСР Министрлер кеңесінің шешімімен Рудник тау-кен техникумы болып қайта құрылды.

• Желтоқсан айында мыс зауытында алғаш рет мыс балқыту қуаты 28 МВт рудотермикалық пеште жүргізілді.

• Жаңа үлгідегі «Силуэт» ательесі ашылды.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

СҰХБАТ

**Білім беру саласының қай кезде болмасын қоғам өмірінде алар орны ерекше. Сондықтан, еліміздің болашағы саналатын ұрпақтың білімді әрі бәсекеге қабілетті болуы мақсатында оқу-ағарту бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Соңғы жылдары еліміздің білім беру саласын одан әрі жетілдіру үшін қолға алынған ауқымды жобалар мен реформалардың Жезқазған қаласында іске асу барысы жайында қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Едігеұлы ӘЛМАҒАНБЕТОВТЕН білген едік.**

# БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

## *мемлекет қамқорлығынан тыс қалмайды*

***– Қаладағы білім беру саласындағы жалпы ахуал жайында айтып өтсеңіз.***

– Жезқазған қаласы білім бөлімінде қарасты 38 мекеме бар. Олар: жалпы орта білім беретін 20 мектеп,1 кешкі мектеп пен 14 балабақша, сондай-ақ, қосымша білім беретін балалар өнер мектебі, балалар мен жасөспірімдер сарайы және психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті. Қаладағы оқушылардың саны – 13834.

Білімді дамытуды жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі – Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының аясында білімнің көп деңгейлі ұлттық жүйесін жаңарту. 2011-2015 жылдары елімізде мектепте білім берудегі басымдық инфрақұрылымдық дамуға және жаңартылған білім беруге көшуге дайындық болды. Бүгінде қала мектептерінде Назарбаев Зияткерлік Мектептерінің тәжірибесін толық көлемде тарату жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлау, білімі мен біліктілігін шынайы өмірде қолдана білу қабілеттерін дамытуға бағытталған білім берудің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу үшін біршама жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда 2016-2017 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап жезқазғандық барлық мектептердің 1-сыныптарында НЗМ-нің тәжірибесі бойынша жаңартылған білім бағдарламасы енгізілді. 2017-2018 оқу жылында 2,5,7-сыныптар, ал 2018-2019 оқу жылында 3,6,8-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытыла бастады. Жаңартылған білім мазмұнымен қатар қала мектептерінде бес күндік оқыту аптасы енгізілді.

2017-2019 жылдарға арналған қаланы дамытудың іс-шаралар жоспарына сәйкес, өткен жылы алты мектеп күрделі жөндеуден өтіп, терезелері ауыстырылды. Сонымен қатар, екі балабақшаның шатыры жөнделіп, 12 балабақша мен екі қосымша білім беру ұйымында және екі мектепте ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осы жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 448,9 млн. теңге бөлінді. 2018 жылы қалалық бюджет есебінен жалпы білім беретін №1 орта мектебі 129,3 млн. теңгеге толық күрделі жөндеуден өтті. Биыл да білім ошақтарын жөндеп, қалыпқа келтіру жұмыстары өз жалғасын табатын болады. 2019 жылға №2, 3, 13, 14 мектептерді күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерді алу және жеткізу бағдарламасы шеңберінде 2018 жылы мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұндағы 3,6,8-сыныптарға және даярлық топтары мен өлкетануға қажетті оқулықтарды сатып алуға 203,9 млн. теңге жұмсалды. 2019 жылға арналған болжам 199,3 млн. теңгені құрап отыр.

2018 жылы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 92,9 млн. теңгеге жаңа модификациялы 18 кабинет сатып алынды. Қаланың мектептеріндегі жаңа модификациядағы кабинеттер үлесі 2018 жылы жалпы санның 82,4%-на (2017 жылы-67%) жетті. Сонымен қатар, 18,7 млн. теңгеге бес «Робототехника» кабинеті сатып алынды. Бұқаралық спортты дамытып, жас ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануын қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы қала мектептері жанынан 5 көпсалалы хоккей корты салынды. Оған 40,9 млн теңге көлемінде қаржы жұмсалды. Биыл да 48,0 млн теңгеге тағы 4 корт құрылысын жүргізуді жоспарладық. Осылайша, қала мектептерінің кортпен жабдықталу көрсеткіші 100 пайызға жетпек. Алайда, білім беру жүйесінде түйіні тарқатылмаған мәселелер баршылық. Солардың бірі қосымша білім беру мекемелері мен үйірмелердің аздығы дер едім. Осы мәселені түбегейлі шешіп, оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыру мақсатында нақты жоспарларымыз бар.

***– Әлеуметтік саладағы басты жаңалықтардың бірі төменгі еңбекақы мен мұғалімдердің жалақысын өсіру болып отыр. Жезқазғанда бұл оң өзгеріс аталған саланың қанша қызметкерін қамтиды? Қандай лауазымдағы қызметкерлердің еңбекақысы өседі?***

– 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қала бойынша барлығы 1589 қызметкердің, яғни төмен жалақы алатын мұғалімдер, кіші қызметкерлер, іс жүргізушілер, есепші, медбикелер, лаборанттардың жалақысы 35%-ға көтерілді. Сонымен қатар, маусым айынан бастап білім саласының барлық қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға өсуі жоспарлануда.

***– Қала мектептерінде маман тапшылығы бар ма? Қандай пән мұғалімдері жетіспейді?***

– Қаламыздың жалпы орта білім беретін мектептерінде келесі мамандарға тапшылық бар: орыс сыныптарында бастауыш сынып мұғалімі, физика, математика, химия, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің ұстаздары.

***– Жаңадан салынатын дарынды балалар мектебінің құрылысы қалай жүруде, жалпы ол мектепте қанша бала оқитын болады, оқушылар қалай іріктеледі? Сол туралы айта отырсаңыз.***

– Қазіргі таңда қаламыздағы №1 орта мектебі үш ауысымда оқу жүргізеді. Үш ауысымда оқытатын мектептерді жою мақсатында қаламызда 900 орындық мектептің құрылысы басталды. Келешекте ол мектепте Ұлытау, Жезқазған аймағының дарынды балалары білім алады деп жоспарлануда. Оқушылар арнайы тестілеу арқылы қабылданатын болады. Іріктеу қалай жүзеге асатыны жөнінде кесіп айтуға әлі ертерек.

***– Еліміз бойынша өзекті мәселелердің бірі – балабақшамен қамту. Бүгінде балабақша кезегінде қанша бала тұр? Биыл қаншасы қамтылады?***

– Қазіргі таңда қаламызда 14 балабақша жұмыс істейді. Оның екеуі қазақ тілінде, қалғаны екі тілде тәрбие береді. Бүгінгі күнге қаламыздағы мектепке дейінгі балалар ұйымдарына барлығы 4916 бала кезекте тұр. Оның ішінде 1 мен 6 жас аралығында 3047 бала, 3 пен 6 жас аралығындағылардың саны – 648. Биыл 700-ге жуық бала мектепке дейінгі тәрбие және білім берумен қамтылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың соңына дейін жеке кәсіпкер М.Тәжбенов 180 орынға, жеке кәсіпкер Ф.Маденов 240 орынға мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында балабақша ашуды жоспарлауда. Бұл өз кезегінде жезқазғандық бүлдіршіндерді тәрбиемен қамтуға септігін тигізері сөзсіз. Дегенмен, жыл санап еліміздің демографиялық ахуалының өсуіне байланысты біздің аймақта да балабақша тапшылығы сезіледі. Мысалы, Кеңгір селосындағы шағын орталықтың ауылдағы барлық мектеп жасына дейінгі балаларды қамтуға мүмкіндігі жоқ. Осы ретте, жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында балабақша ашуға шақырамыз.

***– Былтырдан бері енген «garden» жүйесі тиімділігін қаншалықты дәлелдеді? Балабақшадан орын алу процесінде бұл жүйе қаншалықты әділеттілік орнатты деп санайсыз?***

– Жезқазған қаласындағы мектепке дейінгі мекемелерге балаларды қабылдау автоматтандырылған веб-сайты арқылы бүгінгі күнге дейін 1983 бала электронды түрде жолдама алды. Жүйенің барлық құқықтары қорғалған және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аттестациялық тексерулерінен сәтті өткен. Жүйе әділетті жұмыс атқаруда деп айта аламын, себебі кезегі келген әрбір ата-ана еш қиындықсыз өздері таңдаған балабақшадан орынды ұялы телефон, компьютер арқылы білім ұйымдарына бармай-ақ ала алады. Жүйенің жұмысы қазіргі таңдағы цифрландыру талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушысының 2017 жылғы «14» шілдедегі № 337 бұйрығымен қабылданған Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес ұйымдастырылған.

***– Мемлекет басшысы қазақ тілінде оқытуға ерекше мән беріп отыр. Осы орайда қаладағы балабақшаларда қазақ топтарын көбейту, жаңа балабақшаларды тек қазақ тілінде ашу, аралас мектептерді қазақ тілді ету бойынша нақты жоспарлар бар ма?***

–Қаламыздың барлық білім ұйымдарында толық қанды қазақ тілінде тәрбие мен білім берілуде. Қаламыздағы 20 мектептің төртеуі аралас мектеп. Олар: №3, 9, 10, 13. Дегенмен, аталған білім ошақтарындағы қазақ сыныптары басым.

***– Ұстаздар мен оқушылардың білім деңгейін тексеріп, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында түрлі байқаулар ұйымдастырылатыны белгілі. Биылғы оқу жылында жезқазғандық педагогтер мен оқушылардың қол жеткізген жетістіктері мен табыстары қандай?***

– Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту, оларды инженерлік машықтандыру, робототехника және бағдарламалау білімін дамыту, тәжірибелермен алмасу және мықты командаларды анықтау мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушыларға XXI ғасырдың жаңа технологиялық жетістіктері IT технологияларды меңгертуге мүмкіндік беретін «ROBOLAND – 2019» халықаралық фестивалінің қалалық кезеңі 2019 жылдың ақпанында №9 тірек мектеп-интернатында өтті. Фестивальге қала мектептерінен бес бағыт бойынша 87 оқушы қатысты. «Сумо» бағыты бойынша №3 ЖОББМ, «Кегельринг» бағыты бойынша №8 гимназия, «SMART SITY» бағыты бойынша №9 ТМИ (РО), «Lego We-do» бағыты бойынша №4 ЖОББМ, «РАЛЛИ» бағыты бойынша №13 ЖОББМ жеңімпаз атанған оқушылар тобы халықаралық кезеңге жолдама алған болатын.

Қалалық кезеңнің жеңімпаздары наурыз айында Қарағанды қаласында өткен халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың «ROBOLAND 2019» фестивалінде білім сынасып қайтты. Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Италиядан келген 300-ден астам команданың ішінен «РАЛЛИ» бағыты бойынша №13 орта мектептің оқушылары Айбота Тұралы, Алдияр Бақыт мүшелік еткен «Патриот» командасы (жетекшісі информатика пәні мұғалімі Б.С.Алимова) суырылып шығып, жүлделі I орынды иеленді. Осы фестиваль аясында қосымша ұйымдастырылған АГРО «City Farming» облыстық конкурсында №2 ЖОББМ оқушылары Аружан Базылбек, Ботагөз Ғабдуллахитовадан құралған «GREEN GARDEN» командасы (жетекшісі информатика пәні мұғалімі А.А.Мейрамова) авторлық бағалы сыйлықтарға ие болды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұстаздардың инновациялық тәжірибесіне баға беру, оқушыларға білім беруде және тәрбиелеудегі пәндік әдістемені жетілдіру мақсатында 2019 жылдың 28 ақпан күні Қарағанды қаласында облыстық «Тарихшылар форумы» аясында «Үздік тарихшы» конкурсында №13 ЖОББМ тарих пәні мұғалімі Ләззат Абдраманова жүлделі II орынға ие болды.

2019 жылдың 2 сәуірі күні Қарағанды қаласында оқушының шығармашылық әлеуетін қолдау және жүзеге асыру, оқушылардың кәсіби бастамаларын және азаматтық сана-сезімін қалыптастыру мақсатында «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Дарынды балаларға-талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде №13 мектептің 9-сынып оқушыларынан құралған «Жас өркен» тобы жүлделі III орынға ие болып, мектептің ғана емес Жезқазғанның да абыройын асырды.

АӘД пәні оқытушы-ұйымдастырушыларының әдіснамалық дағдыларын жетілдіру, тәжірибе алмасу, әскери-қолданбалы спортты танымал ету мақсатында наурыз айында ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 27 жыл толуына, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 74 жыл, Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына орай Жезқазған қаласының АӘД пәні оқытушылары арасында XIV дәстүрлі төрт сайыс өтті.

Білім ұйымы қызметкерлерінің арасында спорттық бәсекелестікті дамыту, аймақтық ұжымдар арасындағы ұйымшылдықты, достық қарым-қатынасты одан әрі жетілдірусалауатты өмір салтын ұстануды насихаттау мақсатында білім қызметкерлері арасында спартакиада өткізілді. Оған Жезқазған, Сәтбаев, қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарынан ұстаздар командасы қатысты.

Мемлекеттік тілді насихаттау, жалпы орта білім беретін және мектепке дейінгі білім беретін ұйымдары мұғалімдерінің қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу, меңгеру деңгейін, олардың кәсіби шеберлігін, педагогикалық біліктілігін анықтау мақсатында «Үштілді білім беру: ізденіс, мәселелер, даму болашағы» форумы аясында «Көп тілді меңгерген мұғалім» облыстық байқауының қалалық кезеңі ұйымдастырылды. Байқауға барлық білім ұйымдарының жаратылыстану бағытындағы 28 пән мұғалімдері және мектепке дейінгі білім беретін ұйымдарынан 10 мұғалім қатысты.

Жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына сәйкес, білім берудің аймақтық жүйесін дамытуға бағытталған математика пәні мұғалімдерінің «XXI ғасыр сабағы» педагогикалық шеберлік байқауының қалалық кезеңі ұйымдастырылғанын айтпай өтпеске болмас. Байқаудың қалалық кезеңіне қатысқан 24 мұғалімнің ішінен алтауы облыстық деңгейде білім сынасты. Облыста №133 мектептің мұғалімі Г.Тәңірбергенова III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазіргі ғаламдық бәсекелестік жағдайында адами капитал кез келген мемлекет дамуының негізгі ресурсы, оның тұрақтылығын қамтамасыз ететін фактор, прогресс, көшбасшылық ұстанымдарға қол жеткізудің баламалары болып отыр. Білімнің заманауи сапасына қол жеткізу – мемлекеттік білім беру саясатының негізгі басымдығы.

Осыған орай, білім бөлімінде атқарылып отырғанжұмыстар,өзектімәселелертөңірегінде баяндайтын болсам: мұғалімнің мәртебесі бірнеше аса маңызды талаптан құралатынын өздеріңіз білесіздер. Осы ретте 17 мұғалімнің облыс, республикалық педагогикалық шеберлік байқауларының жүлдегерлері болғанын, 54 мұғалімнің облыстық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, тәжірибе бөліскенін, 21 мұғалімнің облыстық семинарлар мен шеберлік сыныптарын, онлайн сабақтар, коучингтер өткізгенін атап өткім келеді.

Тағы бір тоқталатын ауқымды жұмыстар «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» тәжірибесін трансляциялау мәселелері бойынша мектептер арасында білім беру байланысын кеңейту және тереңдету мақсатында қала бойынша биылғы оқу жылының I тоқсанында 86 шара өтті, Атап айтқанда, жаңартылған білім мазмұны бойынша – 19, жобалар бойынша – 12, ҰБТ дайындау бойынша – 7, тақырыптық 11 семинар-коучинг өткізілді. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығындағы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту мақсатында онлайн сабақтар, конференциялар, конкурстар жүйелі өткізіліп отыр.

Оқу үрдісін жаңартылған білімдік технологиялар арқылы ұйымдастырып, терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті қолдану арқылы балалардың жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білу мақсатында 90 педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті.

***–Жеңіс Едігеұлы, уақыт тауып, сұрақтарға жауап бергеніңізге рақмет!***

*Сұхбаттасқан:* **Жомарт ТАЙМАС**

АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

# ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІ АДАМ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Күзде Қ.И.Сәтбаев Алматыға қайтты. Оны вокзалда жалғыз өзім шығарып салдым. Еріксіз өткен кезеңдер ойға оралды. Қаныш Имантайұлын танысы бар, таныс емесі бар, топталып шығарып салушы едік. Сол жылғы желтоқсанның 27-28 болуы керек, Қаныш Имантайұлы маған телефон соғып: «Таисия Алексеевна екеумізбен бірге Кисловодскіге демалуға барсаңдар, жоғарыдағыларға жақпай қалам ба деп қорықпайсың ба?» деп сұрады. Мен бірден Зоя Ивановна екеуміз қашан келуіміз керек деп сұрадым. Желтоқсан айы біздің өңірде нағыз аязды қыс болып тұрды. Мен Қаныш Имантайұлы жазда даланы аралаған машинамен 375 шақырым Жусалыға қарай жолға шықтым. Елсіз даламен әйтеуір аман-есен жеттік. Зоя Ивановна екеуміз Москваға тура 31 желтоқсан күні жеттік. Қаныш Имантайұлы пойыздан қарсы алып, «Москва» қонақүйіне орналастырды. 1952 жылдың Жаңа жыл кешін олармен бірге үйлерінде қарсы алдық. Академик Ә.Х.Марғұлан және тағы біреулер бірге болған еді, ұмытып қалыппын... Келесі күні пойызбен Кисловодскіге жүріп кеттік. Бұрын да талай рет тоқтаған А.М.Горький атындағы ғалымдар санаторийінде демалдық. Қаныш Имантайұлын бұл жерде жақсы таниды.

Алғашқы күні сейілдеп жүргенімізде Қаныш Имантайұлы Қазақстан КП Орталық комитеті өзімен қатар жұмысынан босатқан Ілияс Омаровпен кездесуді ұсынды. Ол «Октябрьдің 12 жылдығы» санаторийында, кіреберіс орыны бар тәуір бөлмеде демалып жатыр екен. Екеуі бастарына тап келген жағдайлар туралы әңгіме өрбітті. Мен терезенің алдында, орындықтарда үйме-жүйме болып тұрған кітап-журналдарды ақтарумен болдым. Философиялық, классикалық көптеген әдебиеттер бар екен. Ілияс Омарұлы сол кезеңде ұйқысыздыққа шалдығып, тәулігіне 2-3 сағат ғана ұйықтап жүргенін айтты. Үнемі кітап оқумен уақытын өткізіп жүрсе керек. Содан әр күн сайын кездесіп сейілдеп жүрдік. Кейбір іштарлықпен көреалмаушылар «Қазақстаннан қуылған екеуі Кисловодскіде бас сауғалап жүр» деп өсек таратқаны да Қаныш Имантайұлы мен Ілияс Омарұлына жетіп жатады екен. Бірде Сәтбаев маған Республикалық партия активінде әділетсіздіктің асқынғаны сонша, қорқынышты жағдай туындағанын, ол сол жерден Сталин жолдасқа жеделхат салуға мәжбүр болғанын айтқаны бар. Сталин Шаяхметовка: «Сәтбаев жұмысынан алынбасын, партиядан шығарылмасын» деп жауап жолдапты. Бірақ, Шаяхметов бұл пәрменді орындамады дейді. Біз Зоя Ивановна екеуміз 1952 жылдың қаңтарының аяғына қарай Жезқазғанға қайтқанымызда Қаныш Имантайұлы санаторийде екінші маусымға қалды. Содан ол Москваға оралып, Шаяхметовтың Жоғарғы Кеңестің сессиясына келуін күтеді. Шаяхметовпен 1952 жылдың 14 наурызында кездескен соң Сәтбаевтың одан әрі Қазақ КСР Геологиялық ғылыми институтының директоры қызметіне тағайындалуы туралы мәселе шешіледі. Медеу Сәрсекеевтің кітабында жазылғандай, ғалымның Москвадан оралуына және жұмысына қатысты шараларға Брежневтің де, Қонаевтың да қатысы болған жоқ», – деп жазыпты В.Штифанов естелігінде. Бұл енді ол кісінің өз пайымы ғой. Негізінде, екеуара жазысқан хаттардың сарынына қарағанда ұстазы мен шәкірті отбасылық жағдайда да жиі аралас болғаны байқалады. Қанекеңнің зайыбы Таисия Алексеевна да бұлардың есен-саулығын біліп, хат жазып тұрған. Қаныш ағамыздың хатында да Штифановтың үй-ішің, балаларын аса жылы ілтипатпен сұрастырып отыратынын көруге болады.

Медеу Сәрсекеевтің 1988 жылғы «Сәтбаев» деген кітабының «Тайғақ кешуде» деген бөлімінде: «Бұл шырғалаң кейбір тарихшылардың өткен ғасыр оқиғаларының қайсыбірін сипаттап жазуда жіберген елеулі қателіктерін сынаған газет мақаласынан басталған-ды... Ғылыми советте талқылап, қателікке жол берген қызметкерлерге жаза қолданып, «Қазақ ССР тарихының» сыналған тарауын қайта жазып шықса — тарих ғылымының ешқандай теріс жолға бұрылмасы, соған жауапты ғалымдардың да «бір тал шашы түспек түгілі қисаймасы» анық. Бірақ, амал қанша, тарих институтының шағын коллективі бірнеше жыл дайындаған ғылыми еңбектің олқылықтарынан қоғамға жат, теріс пиғыл іздеген адамдар табылды. Ол ол ма, бұл айтыс іле-шала әдебиет оқулықтарынан, ақын-жазушылардың жекелеген әдеби туындыларынан да «ұлтшылдық сарын» іздеген науқанға айналды» деп жазады. Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың, көрнекі филологтар Қажым Жұмалиев пен Есмағамбет Ысмайыловтың, композитор Ахмет Жұбановтың жапа шегіп, қуғындалуға ұшырайтыны да осы тұс еді. Сөйтіп қырық тоғыздың соңында, елуінші жылдардың басында белең алған осы қоғамдық саяси ахуалдың салдары 200-ге жуық ғылыми қызметкерлерді кінәлап жұмыстан шығару мәселесін алға қояды. Тарихи шындықты өткен кезеңнің басты оқиғалары ретінде дәлелді жазған қазақ зиялыларын қуғындауды Қанекең қоштамайды, оларды қорғайды. Осылайша өз басына қара бұлт үйіріледі. Бір-бірін түртпектемесе көңілі көншімейтін қайран қазақ тоғышарларға жел беріп, Сәтбаевтың мұғалімдер семинариясында Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды қайраткерлермен бірге оқығанын, Шәкәрім Құдайбердіұлымен байланыста болып, шығармаларын жоғары бағалағанын, «Алаш» қозғалысында болғандардың іс-әрекетіне қолдау білдіргенін көңірсітіп, әңгімені қоюлата түседі. Көне заман эпосы «Едігені» Қанекең ел аузынан жазып алып, 1927 жылы жариялаған болатын. Реакционерлік мәні бар шығарманы жариялауы да саяси қателікке жатқызылады. Семей архивінен әлдебір жастар үйірмесінің тізімі табылып, онда ұлтшылдарға тілеулес болыпты деген сияқты небір жалалар ұлғая береді. Академия құрамындағы ғылыми институттар бөлен рет тексеріледі. Сөйтіп, ұлт жанашыры болып жүрген адамның жүйкесіне айтарлықтай салмақ түсірген бұл әділетсіздік Сәтбаевтың Ғылым академиясының президенттігінен кетуіне мәжбүр етеді.

Халқымыздың асыл перзенті соғыс жылдарының өзінде Мәскеуден талай оқымыстыларды алдырып, қазақ елінің игілігі үшін еңбек етуге жұмылдырған болатын. Әуелде КСРО Ғылым академиясының филиалы ретінде ашылған мекеме 1946 жылы Қазақстан Ғылым академиясы болып жеке отау шыққаны белгілі. Сәтбаев кеткен соң ғылым ордасына шамалы уақыт Дінмұхамед Қонаев, одан кейін атақты энергетик Шапық Шөкин басшылық жасады. Қаныш ағамыз өз ұлтын, халқын сүйгені үшін қуғаланды. Ол негізгі ғылыми жұмыстарымен қатар халқымыздың тарихын, әдебиетін, этнографиясын, музыкасы мен өнерін жинақтап, дамытуға да зор үлесін қосты. Әділдік жылдар өте келе қалпына келді.

Кемеңгер тұлға ғылымдағы даралығымен, биік парасаттылығымен басқалардан оқ бойы озық тұратындығын іс жүзінде көрсете білді. Соңынан ит айтақтаған күншілдер мен арызқойлар ұлы ғалымды еріксіз мойындап, үндері өшті. Қаныш Имантайұлы 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті абыроймен атқарды. «Халқым менен де биік» дейтін алып тұлға 640-тан аса ғылыми еңбек жазып, геология-минералогия ғылымының докторы, академик, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты атанды, қазақстандық металлогения ғылымының негізін қалады. Үлкен жүректі адамның ғылымдағы биік шыңын халқымыз, әсіресе жезқазғандықтар ерекше сезіммен әрқашан мақтан тұтады.

**Амандық РАХҰЛЫ**



**Жезқазған – Ұлытау өңіріне жақсы танымал болған азамат, марқұм Иманбай Жалмағамбетовтің зайыбы Алтыншаш апаның Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен кездескен жан екені туралы маған Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, ақын Мұса Тілеуов айтты. «Іздегенге – сұраған» дейді мұндайды. Ұлы ғалымның мерейтойы қарсаңында апамен көзбе-көз жолығып, әңгімесін өз аузынан естігенді жөн көрдік. Сонымен...**

# «ҚАНЫШ АҒАМЕН ЕКІ РЕТ КЕЗДЕСТІМ»

## *Алтыншаш апа шерткен сыр*



– Бұл сонау 1956 жылы болған оқиға еді. Біздің енді ғана бас қосқан кезіміз. Имекең тау-кен басқармасында партия ұйымының хатшысы болатын, ал, мен геологиялық барлау партиясында жұмыскермін. Бір күні аяқ астынан «Қанекең келе жатыр екен, өзеннің жағасына үй тігу керек, жақсылап қарсы алмаса болмайды» деген отағасының сөзін алғашында түсінбей де қалдым.Сөйтсем, олардың күтетін қонақтары – Қаныш аға екен. Бұрын атын сыртынан жақсы білсем де, өзін көрмеген кісім ғой, аңыз ағаның келетінін білгенде, ол кісіні көретін болғаныма қатты қуандым – деп бастады әңгімесін Алтыншаш апа.

Жезді өзенінің бойына үш киіз үй тігілді.ГРП-ның үлкені де, кішісі де сол жерден табылды. Қаныш ағалар жеңіл машинамен келді.Өзінен басқа құрметті қонақтардың арасында Шаһмардан Есеновтің де болғаны есімде қалыпты. Бәріміз жиылып тосып тұрдық қой. Ол кісі көліктен түскен соң көпшілікке жақындап келіп амандасты. Бұрын танитындар құшақтасып, қауқылдасып жатыр. Содан сыртта көп кідірместен киіз үйге кіріп кетті. Аз ғана уақыт болса да, ағаның алып тұлғасы, мейірімді жүзі көз алдымда қалып қойыптты. Ақырын сөйлейтін кісі екен.

Бір ғажабы, ол кісінің зайыбы Таисия Алексеевна киіз үйге кірмей, біздің қасымызда қалып қойды. Сол жердегілердің арасындағы ең жасы болғасын ба, мені бірден өзіне жақын тартты. Ақжарқын әйел екен. Екі сөзінің бірінде қазақ халқының ерекшеліктерін сөз етіп отырды. Бір кезде кім екені есімде жоқ, біреу «кәне, суретке түсейік» деп қалды. Сол-ақ екен, жан-жақтағылар жанымызға жиналып, тіпті, киіз үйдің ішінде отырғандардың да кейбірі сыртқа шығып, бәріміз суретке түстік. Сол сурет альбомда әлі сақтаулы тұр – деген апа сөзін тірілткісі келгендей бізге фотоальбом ұсынды. «Мынау Таиса Алексеевна, ал, ол кісінің оң жағында отырған – менмін» деген Алтыншаш апаға қарап, оның осыдан алпыс жылдан астам бұрын орамалын шаршылай тартқан әдемі келіншек болғанын аңғардық. Өтіп жатқан уақыт-ай!

– Қаныш ағалар кешке шейін қонақ болды. Іңір түсе рахметін айтып, жолға шыққан еді – дейді алғашқы кездескен сәті туралы әңгімесін тәмәмдаған апамыз. Ал, екінші кездесу ше? Бұл қашан, қай жерде болды екен?

– Біз кезінде қазіргі Жезқазған поселкесінде тұрдық. Сондағы Кеншілердің Мәдениет сарайында әртүрлі іс-шаралар өтіп жататын. 1962 жылдың 6 наурызы күні сонда Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен кездесу өтті. Ол кісі депутаттыққа кандидат па екен, әлде депутат па екен? Әйтеуір, сайлаушылармен кездесу еді. Аяғым ауыр еді, айы-күніме жетіп отырған жайым бар болатын. Соған қарамастан, Қаныш ағамен кездесуге барғым келді. Менің мұнымды отағасым да қолдады. Бірақ, енем «Түрің болса мынау, қайда барасың? Селтеңдемей үйде отырмайсың ба? Аяқ астынан толғақ қысса қайтесің?» – деп, менің кездесуге барғанымды жақтыра қоймады. Анасының бұл сөзіне ұлы: – Апа, толғақ қысып бара жатса, Қаныш ағаның алдына апарамын ғой -күле жауап қайтарған еді. Ақыры бардым кездесуге. Қаныш аға халықтың алдына шығып сөз сөйледі, сұрақтарға жауап қайтарды. Үлкен кісілер алғысын айтып, батасын беріп жатты. Соңынан концерт болды. Үйге қалай келдім, солай толғақ басталды. Сөйтіп, ұлым дүниеге келді. Әкесі «бұл балам Қанекең келгенде туды, сондықтан сол кісінің есімін қоямын» деп, жақсы ырымға балап ұлына «Қаныш» деген ат қойды. Міне, менің өмірімде Қанекеңмен кездескен сәттерім – осындай – деп, Алтыншаш апа әңгімесін аяқтады.

Иманбай мен Алтыншаш Жалмағамбетовтер 5 бала тәрбиелеп, өсірді.Әттең, Нұржандары өмірден ерте өтті.Оның ізін ала Имекеңнің өзі де бақилық болды. Бірақ, соңында адалдықтың ақ жолымен тәрбиеленген балалар өсіп-өнуде. Олар аналары Алтыншашты алақандарына салып, аялап келеді. Ұлы адамның көзін көрген, бір перзентіне оның есімін берген аяулы ананың арамызда жүргені оның ұрпақтарының ғана емес, бәріміздің де олжамыз. Өйткені, ұлылықтың ұлағаты баршамызға үлгі, өнеге.

Айтпақшы, Алтыншаш апа ұлы ғалым Қаныш ағасының 120 жылдық мерейтойы қарсаңында өзінің 82-көктемін қарсы алды.

**Абдолла ДАСТАНОВ**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

*(Соңы. Басы өткен нөмірде)*

1941 жылдың күздің басында Украинада Никопольдық марганец кен орнын уақытша фашистермен қоршауға алынуы, Кавказдағы Чиатур кен орындарының алдында тұрған қауіпке байланысты жұмысында кідіріс болу қаупі бар Магнитогорск комбинатын марганец кенімен қамтамасыз ету туралы сұрақ туындады. Қаныш Имантайұлы Жезқазғанның барлық байлықтарын кешенді зерттеуі негізінде алдын-ала жүргізілген жұмыстары бойынша Жезқазған облысындағы Жезді кен орнынан марганец кенін алу туралы республиканың үкімет мүшелеріне жедел ұсыныс жасады.

Қазақстанның партиясы мен үкіметі бұл мәселені елдің Орталық органдардың алдына қойды. 1941 жылдың соңында КСРО Қара металлургияның халық комиссариатының бригадасы Қазақстанға келді, ал 1942 жылдың көктемінде, 38 күн ішінде, Жезді кеніші ұйымдастырылып, оның кенінің бірінші эшелоны Магнитогорскке жіберіліп, елдің қорғаныс күшінің жұмыстағы кідіріс қаупі алынды.

Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезінде өндірістік игеруге Жезді кен орнын жедел енгізу, Қ.И. Сәтбаевтың уақытылы алдын-ала жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары мен кеннің құрамы мен техникалық қасиеттерін зерттеуінің арқасында дәл қажет уақытта елдің өндірісі бағалы және өте қажетті шикізат берген, дайын кен орнын алды.

Соғыс уақытында бір орталыққа бағынатын, елдің қорғаныс қажеттіліктері үшін қазақстандық барлық ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі жұмысты күшейту қажеттілігі анық болды. Осы мақсатпен Қ.И. Сәтбаевтың ұсынысы бойынша КазКСР Мемлекеттік жоспары негізінде ғылыми-техникалық орталығы ашылды.

1942 жылдың көктемінен Геологиялық институттың ұжымы Орталық Қазақстанда мыс және қорғасын кен орындарының толық тексерісін жүргізді және сирек кездесетін металдардың жаңа кен орындарын ашты. Қорғасын, қалайы, молибден және басқа металдардың қорытпаларын алуды арттыру үшін республиканың жергілікті өндірісін дамыту жолында практикалық өзекті ұсыныстар енгізілді.

Қазақстанға көшкен кәсіпорындар жағынан құрылыстың, минералды шикізаттың қойма-металлургиялық жергілікті түрлеріне деген сұраныстар КСРО ҚазҒАФ жедел өсуі мен дамуына үлкен түрткі болды. Филиалдың ғалымдары бұл мәселелерді жедел түрде шешуге тырысты. Филиалдың барлық практикалық ұсыныстары жедел түрде өндіріске енгізіліп отырды.

1942 жылы «Жезқазған ауданының кен орындары» еңбегі үшін Қ.И.Сәтбаевқа екінші дәрежелі КСРО Сталиндік, кейіннен КСРО мемлекеттік сыйлығы ұсынылды. 1942 жылы осыған орай және ғылымды ұйымдастырудағы еңбегі үшін КСРО ҒА Геология ғылыми институтының арнайы ұсынысы бойынша оған геологиялық- минералды ғылымдардың докторы ғылыми дәрежесін беруді ұйғарды.

Соғыс уақытында КСРО ҒА Қазақ филиалы республиканың барлық ірі кәсіпорындарымен – Жезқазғанмен, Балхаш зауытымен, Шымкент зауытымен, Алтайдың тау-кен ұйымдарымен тығыз шығармашылық байланыс орнатты. 1942 жылдың соңында Алматыда КСРО ҒА Қазақ филиалының бірінші сессиясы өткізілді. Қаныш Имантайұлының баяндамасында зерттеулерді кешенді жүргізу, ғылымның өмір және тәжірибемен байланысы туралы, майданға көмектесу үшін бар күшті жұмылдыру мәселелері айтылды. Ғылыми қоғамның және Қазақстанның халық шаруашылығы үшін аталған сессияның маңызы зор болды. Ол ең алдымен, республиканың ғылыми қоғамын байланыстырып, оның күшін халық шаруашылығына көмек көрсетуге бағыттады.

1943 жылдың ақпанында Қаныш Имантайұлының өмірінде маңызды оқиға болды – Коммунистік партияның мүшесіне үміткер болды, ал бір жылдан кейін 1944 жылы – СОКП мүшесі болды. Ол Антифашистік комитеттің, ғылым координация бойынша Комитеттің, Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның ресурстарын мобилизациялау бойынша КСРО ҒА Комиссиясының, қор бойынша Жалпыодақтық комиссияның мүшесі болып, басқа да көптеген мемлекеттік және қоғамдық тапсырмаларды орындады.

1943 жылдың күзінде Қаныш Имантайұлы Қазақстандағы ғылымның дамуына қосқан үлесі және үлкен ғылыми жетістіктері үшін КСРО ҒА корреспондент-мүшесі болып тағайындалды.

КСРО ҒА Қазақ филиалы қызметінің көпжақтылығы мен ауқымдылығы, оның мекемелерімен атқарылатын жұмыстардың кең өрісі, сонымен бірге республикада ғылыми зерттеулердің ары қарай дамуы – КСРО ҒА Қазақ филиалының Қазақ Ғылым академиясы болып өзгеруіне алғышарт болды. КСРО ҒА Президенті В.Л. Комаров 1944 жылы Қазақ басшыларына бұл мәселе бойынша келесі тұжырымдаманы ұсынды: «КСРО ҒА Қазақ филиалының даму қарқыны, соңғы үш жыл бойы бақыланған ғылыми зерттеулердің кеңейту көлемі, өсуі мен сапасы, ҚазКСР ХКК және Ғылым академиясының Қазақ филиалымен жоспарланған ғылыми мекемелерді біріктіретін филиалды ары қарай кеңейту мен нығайту бойынша іс-шаралары – КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының Президиумына 1945 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалын ҚазКСР Ғылым академиясы ретінде қайта құрылуы туралы мәселені қарастыру мүмкіндігін береді.

1945 жылы Қаныш Имантайұлы КСРО ҒА 220-жылдығына орай ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін жоғары үкіметтік марапаттар – Ленин орденімен және майданға көмегі үшін – II дәрежелі Отан соғысы ордендері мен медальдарымен марапатталды.

Қазақстан Ғылым академиясының салтанатты ашылуы 1946 жылдың 1 шілдесінде өтті. Оның бірінші президенті болып Қаныш Имантайұлы тағайындалды. Республиканың ірі ғылыми орталығын құрастыру бойынша күрделі жұмыстар, еліміздің өміріндегі ең ауыр жылдар болғанына қарамастан, бес жыл ішінде орындалды.

Қаныш Имантайұлының ғалым ретіндегі көрнекті қабілеттері толығымен ашылып, оның ғылыми беделі өсіп, нығайып отырды, оның дәлелі ретінде 1946 жылдың қыркүйегінде КСРО ҒА нақты мүшесі ретінде тағайындалды және біздің еліміздің Шығыс елдерінің өкілдері ішінде КСРО ҒА құрамындағы бірінші академик болуы еді.

1946 ж. соңында ҚазКСР ҒА әдебиет және тіл институтының қызметін тексеру үшін Қазақстан КП ОК комиссиясы құрылады. Комиссияның шешімімен ұлтшыл сипаттың бұрмалаулары және бұрынғы көптеген қайраткерлердің шығармаларын бағалауда институтта өрескел саяси қате жіберілген. Келесі жылдары Ғылым академиясында комиссия қаптайды және биологиялық бағыттағы ғылыми мекемені тексерді. Сонымен қатар Академия «Дәрігерлер ісі» аясында ірі тексерулерге ұшырайды. 1951 жылы ғалымдар Х. Д. Жұмалиев, Е. Исмаиловты, жазушы М. О. Әуезовті және композитор А. Жұбановты ұлтшылдыққа айыптаған. Қаныш Сәтбаевқа осы адамдарды жұмыстан босату қажеттілігі туралы айтылған. Қаныш Сәтбаев «Менің жауабым: мен басқарып тұрғанда, маған сеніп тапсырылған ғылыми мекемелерді, негізсіз тазартуға келісімімді бермеймін». Сол 1951 жылы өткір сынға Сәтбаевтың өзі де ұшырады. Оны партияға кіргенде әлеуметтік текті жасырғаны үшін, ұлтшылдарды қамқорлығына алғаны үшін және 1917 жылы «Алаш-Орда» партиясына үгітші болғанын жасырып қалғаны үшін айыптады. Сонан соң Қазақстанның КП ОК Бюросы өзінің шешімімен 1951 жылы 23 қарашада оны ҚазКСР ҒА мүшелігінен және президент орнынан алып тастайды. Көп кешікпей ҚазКСР ҒА геология институтының директоры міндетінен босатылғаны белгілі болады. Наразы халық жоғарғы жаққа шағым жазады, соның салдарынан институтта тексерулер және әртүрлі комиссиялар қатыса бастайды. ҚазКСР ҒА басқармасының қолдауымен директорлық қызметін сақтап қалады. Қ.И.Сәтбаев ҚазКСР ҒА басшылығынан босатылған соң, одақтық академияның президенті А.Н. Несмеянов Орал бөлімшесінің КСРО ҒА төрағасы қызметін ұсынады. Бірақ Қаныш Имантайұлы одан бас тартып Алматыда геология институтының директор қызметінде қалуды жөн көреді. 1942ж. геология институтында Орталық Қазақстанның пайдалы кенметаллогениялық болжам карталарын құрастыру туралы идеясы пайда болды. 1952 жылы Сәтбаев геологтарды жинап осы идеяны жүзеге асыруға кіріседі. Топтың құрамына Р.А.Борукаев, И.И.Бок, Г.Ц.Медоев, Г.Н.Щерба, Д.Н.Казанли, И.П.Новохатский и Г.Б.Жилинский кірген. Бір жыл бұрын, 1951 жылы, Бүкілресейлік Геологиялық ғылыми-зерттеу институты ұжымы осы облыста зерттеу жүргізуді бастаған. Сәтбаевтың жетекшілігімен ғалым-геологтар тобының ғылыми зерттеулерінің бірінші жылы алдыңғылармен салыстырғанда өте жақсы зерттеу жасайды. «Фармациялық металлогенді талдау және орнын болжау кешенді әдісі», КСРО-да кешенді металлогендік зерттеу үшін негіз болды. 1953ж. болжам картасының жұмыс макетін құрастырды. Сондай-ақ, зерттеулермен және кен қазу жұмыстарымен бір мезгілде, Алматыда үнемі ғылыми конференциялар өтіп тұрды, онда келешектегі әрекеттердің жоспарлары және қол жеткізген нәтижелер талқыланды. 1954 жылы өндіріс шартында тексеруге болжамды картасын ұсыну нәтижесі бойынша қорытынды конференция өтті. ҚазКСР ҒА ғылыми геологиялық институтының соңынан Бүкілресейлік Геологиялық ғылыми-зерттеу институты ұжымы картаны құрастыру бойынша өз жұмыстарын аяқтайды. Келесі төрт жылдың ішінде, 1954 жылдан 1958 жылға дейін, картаның сапасын және дәлдігін тексеруге, осы тақырып тағылыми таластар жүргізіледі. Ақырғы қорытынды 1958 жылы желтоқсанда шығарылды: ҚазКСР ҒА ғылыми геологиялық институты әзірлеген, болжамды карта айқынырақ болып табылды. Осыған байланысты Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен геологтар тобына Ленин сыйлығы берілді.

1954 жылы Қазақстан компартиясының ОК басшылығы ауыстырылады. П.К.Пономаренко – бірінші хатшы, Л. И. Брежнев – екінші хатшы болады. Олар 1951 жылғы Сәтбаевты айыптаған істі қарастырып, ғалымды жазықсыз деп тапты. 1955 жылы маусымда Қаныш Имантайұлы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайтадан сайланады. 1956 жылы ол Қазақстанның КП ОК мүшесі болып тағайындалды. 1956 жылы ақпанда, алтыншы бес жылдық аясында, республика алдында астықты бес есе көбейту, сонымен қатар өндірісті дамытуды тездету тапсырмасы тұрды. Тапсырманы жүзеге асыру мақсатында, Қаныш Сәтбаев ғылымның маңызды салалары бойынша жоспар жұмысын құрастырды. Қойылған тапсырманы орындауды тиімді бақылау үшін ҚазКСР ҒА өндірістік күшін игеру үшін Одақ құрылған. Қысқа мерзімде республиканың табиғи қорларын зерттеужәне оларды қолданудың тиімді әдістерін өңдеу бойынша ғылыми зерттеулердің үлкен көлемі орындалған. 1957 жылы Сәтбаевтың және тыңайған жерлерді игеруде ҚазКСР ҒА жұмылдырғаны үшін Ленин орденімен үшінші рет марапатталады. Сонау 1940 жылдардың соңында ғалымдар Орталық Қазақстанда су тапшылығы мәселесінің маңыздылығын аңғарған. Қазақстан аумағы арқылы 2174 өзен ағады, олардың ішінде суы мол Ертіс, Ишим, Орал, Сырдария, Іле және басқалары. Алайда, Орталық Қазақстанның үлесіне өзен суының 5,5 пайыз ғана келген. 1949 жылы ҚазКСР ҒА көшпелі сессиясында, Ш.Шөкин Ертістің суын Орталық Қазақстанға құятын, канал салуды ұсынады. Оның идеясын Қ.И. Сәтбаев және сессияға қатысқан академик И. П. Бардин қабылдайды. Сәтбаев кейіннен каналдың жобалауының алға басуына барынша мүмкіндік туғызады, Кеңес Одағының жоғарғы инстанцияларында оның құрылысын негіздейді. 1959 жылдың жазында Қаныш Сәтбаев КСРО мемлекеттік жоспарының төрағасы А. Н. Косыгинның алдында канал құрылысының қажеттілігін дәлелдейді және жеті жылда оның салынып іске қосылуына қол жеткізеді. 1958 жылы Қаныш Имантайұлы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бесінші шақырылған сессиясында депутаты болып сайланды. 1959 жылы КОКП XXI съезінде делегат, 1961 жылы – КОКП XXII съезінде делегат болып сайланады. Сол 1961 жылы Сәтбаев КСРО ҒА Президиумының мүшесі болып сайланады. 1962 жылы ҒА Сәтбаевқа Социалистік Еңбек Ері атағын беруге Қазақстан КСР және КСРО ҒА Президиумы сөз сөйлейді, бірақ Қазақстанның КП ОК 1-ші хатшысы Д.А. Қонаев атақты беруден бас тартты. 1962 жылы Сәтбаев КСРО Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің алтыншы шақырылған сессиясында депутат және төраға орынбасары болып сайланады. 1963 жылы Қаныш Имантайұлы геология ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін Ленин орденімен 4-ші рет марапатталды. 1964 жылы 31 қаңтар күні Мәскеудің Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатады. Алматы қаласының Орталық зиратында 3 ақпанда жерленген. Бейітте 1968 жылы мүсінші А.П.Антроптың, сәулетші Н.А.Простаковтың ескерткіші орнатылған.

Түйіндесек, Қаныш Имантайұлының дүниеден қайтқанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, мемлекетшілдік ісіне, ғалымдық табысына, азаматтық атақ-абыройына титтей де көлеңке, уақыт табы түскен жоқ. Қайта жыл өткен сайын ғалымға көрсетілген құрмет ұшан-теңіз. Қаныш ағаның құрметіне Сарыарқада қала аты, Жезқазған кен байыту комбинаты, геология институты, Қазақстанның ірі қалаларына көше аты, ауылдар аты, мектептер аты берілген. Туған жері Баянауылда мұражайы бар. Іле өзені мен Балқаш айдынын шарлап «Академик Сәтбаев» кемесі жүзуде. Алматы ботаника бағындағы өздері өсірген гладиолус гүлінің бір түрін «Академик Сәтбаев» деп атады. Томск технологиялық институтының алдында атамыздың үлкен ескерткіші орнатылған. Мәскеуде Революция музейінің көрме залында Сәтбаевқа арналған стенд бар. 1999 жылды ЮНЕСКО Қ.И.Сәтбаев жылы деп жариялады. Қазақ ғалымы, академиктің 100 жылдығына орай ҚР Үкіметінің №1436 қаулысы бойынша Ұлттық техникалық университетке Қ.И.Сәтбаевтың есімі берілді. Мерейтойға арналып симпозиумдар, конференциялар, кітап көрмелері, «Сәтбаев планетасы» атты библиографиялық көрсеткіш жасалды.

(2402) Сәтбаев (лат.Satpaev) – басты белдеудің астероиды, 1979 жылдың 31 шілдесінде совет астрономы Николай Черных Қырым астрофизикалық обсерваториясында тапты. Бұл астероидқа қазақтың ғалым-геологы Қаныш Сәтбаев есімі берілді.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде, белгілі өлкетанушы С.Т.Бүкіровтың 289-шы қорында Қ.И.Сәтбаев туралы естеліктері, фотосуреттері және Социалистік Еңбек Ері , Қазақ ССР-нің Еңбек ері геолог барлаушы В.И.Штифановтың 333-ші қорында Қ.И.Сәтбаевтың хаттары, құттықтау хаттары, фотосуреттері жинақталған. С.Т.Бүкіровтің естелігінде Қ.Сәтбаев туралы былай дейді: «Мен Жезқазғанның тумасы әрі патриоты ретінде ойлы жүрегімнен тыным таппайтын жанмын. Туған өлкемді, оның қасиетті металдарға толы рудалы алыптарын, сол байлықтарды Отан игілігіне айналдырып жатқан қаһарман адамдардың өмір тынысын, ерлік еңбегін әңгіме етпей, жұршылыққа паш етпей отыра алмаймын. Соның бірі – Қаныш аға. Геолог Қаныштың еңбек жолы Жезқазғанның тарихы іспетті. Сондықтан Қаныштың аты аталғанда Жезқазғанның өткен тарихына аздап болса да тоқталмай кету мүмкін емес сияқты. Өзіме, оның үстіне Жезқазғанның әрбір тасы «Қаныш» деп тіл қатқандай сезінемін. Жезқазғандай зор қазынаны тиянақтап бергені, Отан алдындағы ерекше еңбектері үшін Лениндей бабамыздың атымен аталатын аса бағалы сый наградты төрт рет алғаны оны Компартия мен Совет өкіметі айрықша ардақтағанының белгісі. Бұған үлкен ғалымдығын, ел ағасы, жақсы азамат екенін қоссақ-қазақ халқының адал ұлы екенін айқындай түсеміз. Менің айтайын дегенім соның мыңнан бірі ғана», – деп еске алады өлкетанушы.

**Фатима ЖАҚСЫБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві, құжаттардың сақталуын, мемлекеттік есепке алуын қамтамасыз ету және ҒАА бөлімінің басшысы**

# ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ ҒҰМЫРНАМАСЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Қазақ әдебиетінің тарихында өзінің терең философиялық көзқарасымен де, еркіндікті аңсаған асау жырымен де түркі әлеміне қатты әсер еткен Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) орны ерекше. Сондықтан оның өршіл мұраларын насихаттап, ғұмырнамасын зерттеу тарихшы-әдебиетші ғалымдармен бірге барша өлкетанушылардың қасиетті борышы дер едік.**

Шортанбай жыраудың өмірі мен шығармашылығын өлкемізде ғалым-журналист, өлкетанушы, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің 1974-1982 жылдарғы редакторы Рамазан Сағымбеков пен тағы бір жазушы-журналист, өлкетанушы, кезінде Шет аудандық газетінің редакторы болып қызмет атқарған Кәмел Жүністегі ағаларымыз қажымай-талмай зерттеп, тарихи құжаттар қалмаса да ғұмырнама беттерін жасауға өлшеусіз үлестерін қосты.

Шортанбай жыраудың есімі халқына қайта құру кезеңінде 1989 жылғы 9 желтоқсандағы 40-50 жылдардағы қате қаулы-қарарлардың күшін жойған комиссия қорытындысы шыққанннан кейін оралды. Онда «Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, Мұрат ақындардың творчестволық мұрасы тереңдеп зерттеуді қажет етеді» делінген тұжырым жасалған еді. Әйтпесе, артына мол мұра қалдырған арқалы ақындарымыздың бірі – Шортанбайдың аты кеңестік солақай саясаттың зардабынан мүлде ұмыт болуға тақалған-ды. Басқаны былай қойғанда шығармалары 1965 жылы шыққан «Үш ғасыр жырлайды» және 1984-1985 жылдары жарық көрген «Бес ғасыр жырлайды» атты академиялық жинақтарға енбей қалды.

Рамазан ағамыз комиссия қорытындысы шығысымен-ақ облыстық газетте өзі 1989 жылдың басынан жүргізіп келе жатқан «Мирас» тарихи-өлкетану мүйісіне «Шортанбай жырау Қанайұлы» деп аталатын алғашқы мақаласын жариялап үлгерді. Бір қызығы, мақала комиссия қорытындысы жарияланғаннан кейін небәрі бір аптаның ішінде, яғни 17 желтоқсанда жарық көрген (Р. Қожабек деген өз псевдонимімен). Сол кезеңде-ақ «Жұлдыз» журналы мен «Орталық Қазақстан» газетінде өлеңдерінің бірнеше топтамасы берілді. Сондай-ақ, Р.Сағымбековтың айтуынша «шығармалары шұғыл түрде шығарылған «Бес ғасыр жырлайды» атты екі томдық жинақтан орын алды»

Жырау туралы ізденістерін жалғастыра отырып, қажымас ғалым өзі 1991 жылдан бастап шығара бастаған «Қарқаралы» журналының арнайы тапсырмасымен Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласына сапар шегіп, кезінде осы қалада (1870 жылы В.В. Радлов басып шығарған жинақ) және Қазан қаласында жарық көрген алты кітапшасының ксерокөшірмесін алып қайтты. Ол кітапшалар «Қисса Шортанбай», «Шортанбайдың бала зары», «Бала зары» деген атпен 1888, 1890, 1894, 1911,1916 жылдары жарық көрген екен. Ал қазан революциясынан кейін Шортанбайдың бағы жанбағанын жазады автор. Соғысқа дейінгі кезеңде орта мектепке арналған қазақ әдебиетінің хрестоматияларында жыр үзінділері беріліп жүрген еді. Кейін ол да тоқтап қалды. Орыс тіліндегі жайы да осы тұрғыда. Бір ғана өлеңі Мәскеуде басылған «Песни степей» атты жинақта 1940 жылы, одан кейін бір топ өлеңдері 1978 жылы Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» атты жинақта жарық көрді.

Жырау шығармашылығын насихаттауда Р.Сағымбеков жетекшілік еткен «Қарқаралы» журналының маңызы зор болды дей аламыз. Журналдың 1991 жылғы екінші санында Шортанбай жыраудың отаршылдықтың қазақ жеріндегі салдарларын мейлінше қаталдықпен әшкерелеген, бұрын еш жерде жарияланбаған «Сауысқан, ала қарға – құстың құлы» деп аталатын өткір толғауы жарық көрді. Ал, Ленинград сапарынан соң журналдың сол жылғы 4-санына жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы мақала жазып, жырау толғауларының әзірше қолда бар біршама толық түрдегі нұсқаларын жариялады. Басылымда сондай-ақ Шортанбай жыраудың басына жырау жұрағаттарының күшімен орнатылған ескерткіш тақта суреті де берілген. Онда мынадай жазулар айқын көрініп тұр: «Шортанбай Қанайұлы 1818– 1881 қазақтың ақын-философы. Әруағын сыйлайтын ұрпақтарынан»

Ендігі әңгіме жыраудың туып-өскен жері туралы болмақ. Шортанбай жыраудың өмірбаяны туралы ғылыми нақтыланған деректер өте аз, тіпті мүлде жоқ десек те болады. 1961 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы шығарған «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томында, жоғарыда аталған «Бес ғасыр жырлайды» (1989ж.) атты жинақта және Қазақ совет энциклопедиясында Шортанбай ақын 1818 жылы осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратау баурайында туған делінеді. Бұған дәлел ретінде Р.Сағымбеков және басқа авторлар ақынның өз өлеңінен мысал келтіреді:

Қаратауда қалушы ем,  
Көк есекті мінуші ем,  
Масақ теріп жүруші ем...  
Сарыарқаның наны үшін,  
Шалқып жатқан малы үшін,  
Бері таман ауып ем...  
Арқаға шығып нан жедім,  
Нан жеген соң дәндедім,  
Қазақтың жүйрігін мінсем деп,  
Сұлу болса сүйсем деп,  
Күннен күнге сәндендім.

Р.Сағымбековтың пайымдауынша Шор-танбай Сарыарқаға сауда-саттық ісі әзірге араласпаған, мұсылман діні де мықтап орын теппеген шақта, XIX ғасырдың 1-жартысында, Кенесарының дәуірлеп тұрған кезінде келді. Келді де, Қарқаралы өңірінде билік жүргізіп тұрған Жамантай, Құсбек төрелерді сағалап, солардың жыршысы болды. Содан шамасы елулерден асқан кезінде сырқаты ауырлап, ел арасындағы істерге араласудан қалады да біржола дін жолына берілген сияқты. Өмірінің соңғы шағын Арғын тайпасынан тараған Қара Үсен, Керней Сарым ішінде өткізген. Бұған дәлел ретінде әл үстінде жатып айтқан қоштасу толғауын келтіреді:

Тағы да сәлем айтайын,  
Қалың жатқан Сарымға...  
Келе көр, Жәке қасыма-ай..  
Есендікте бол, Жәке,  
Қияметтік досым-ай!..  
Жан жарға таянды,  
Қоя көр, Жәке жастықты...  
Жантәсілімге таянды,  
Айта бер, Жәке иманды!

Бұл жолдар өзін паналатқан Сарым еліне, оның ішінде өзінің рухтас, пікірлес, ниеттес досы, басын сүйер серігі Жанқұтты биге арналған сияқты.

Жырау өмірін талмай зерттеп жүрген өлкетанушы Кәмел Жүністегі жырау өміріне қатысты бірнеше мақала жариялады. Сол 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған мақаласынан бастап Шортанбайдың туып-өскен жері қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданы деген пікірін қуаттап келеді. Оның пайымдауынша Шортекеңнің әкесі Қанай Арқадағы Айыртауды (Ақадыр маңы) мекен етіп, Сарым ішіндегі Нақып қожаның қызы Шүкіманға үйленеді. Сол шақта Қанайдың әкесі дүниеден қайтып, әлдебір себептермен інісі Қаратау жаққа көшіп кетеді де жалғыз үй қалған Қанай қайын жұрты Нақыптың ауылына қоныс аударып, қалған ғұмырын Нұра бойында өткізеді. Содан 1818 жылы көктемде осы нағашысының ауылында болашақ ақын Шортанбай дүниеге келеді. Бұл хикаяны Нақыптың үлкен әкесі Есмағамбет қария айтып берген көрінеді. Бірақ, ешқандай тарихи құжат немесе жыраудың өзі дәлелдеп беретіндей жыр-толғау жоқ. Сондай-ақ Шортанбайдың Кенесары қозғалысына тілектес болуы, Қанай бұлағы деген жерде әкесінің суды бұрып, егін салуы сияқты оқиғалар ауызекі әңгіме түрінде емес, жазба деректермен нақтыланса дұрыс болар еді.

Кәмекең жыраудың үрім-бұтағы туралы деректерді тірнектеп жинаған. Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне 1993 жылғы 24 маусымда жариялаған «Шортанбай жыраудың ғұмырнамасы» деген мақаласында мынадай деректер келтіреді:

Шортанбайдың өзі осы елдің бір қызына үйленеді, баласы Аязбайды Жанғұттының Қасенінің қызына, Алдабергенін Есбайдың немересіне үйлендіріп, қызы Бәтішті Бөрлібай Ақпанбайға тұрмысқа ұзатқан. Жалғыз қарындасы Қалаулыны кезінде Кәрсен-Қозыбақ Бейсен дегенге берген. Одан туған Кәрібек күйші белсенділердің қолынан қаза тапқан. Ұлы Аллаберген де сондай қайғылы қазаға ұшыраған сияқты. 1931 жылы ол нағышысы Есмағамбеттің үйіне келіп, қоштасқан, қиын-қыстау кезеңде елден кетуге мәжбүр болған. Одан тараған ұрпақтан хабар жоқ көрінеді.

Сол газетте Шортанбай жыраудың 175 жылдық мерейтойына байланысты жариялаған «Шортанбай және Абай» деген мақаласында Кәмекең Шортанбайдың Жанғұтты би арқылы Құнанбаймен таныс болғандығын, Абайға оның шығармаларының қалай әсер еткенін дәлелдей түседі. Құнанбай тақырыбын қазбалай жүріп, ұлы князь Владимир1867 жылы Омбыға келгенде Құнанбай тобымен Шортанбайдың барғанын да анықтайды. Бұдан түскен үлкен олжа – Шортанбай жыраудың отбасымен түскен фотосуреті. Ол қазір барлық мұражайларды безендіретін өлкетанымдық тарихи маңызы зор жәдігер болып отыр.

Кәмекең өлкетанымдық ізденістермен қатар ақынның мұраларын бастырып шығуға мұрындық болған азамат. Мәселен, 1993 жылы ақынның 175 жылдық мерейтойына белгілі ғалым Т.Кәкішевтің басшылығымен шығармалары «Айқап» баспасы арқылы жарық көрді. 2011 жылы «Фолиант» баспасы «Қай заман?» деген атпен жарияланған жинағына жыраудың ғұмырнамасын жазып берген де осы жерлесіміз. 2013 жылы «Ана тілі» баспасы да жақсы мұқабамен жырау мұраларын жарыққа шығарды. Бұл кітаптарға Шортанбайдың толғауларымен қатар кезінде К.Жүністегінің әкесі Ыбыш ақсақал Досбергенннің Қалиы деген жыршыдан жазып алған «Ақжолтай Ағыбай батыр» атты дастаны, Шортанбай мен Орынбайдың белгілі айтысының Төлеубай Ысмайылов тапсырған жазбасы, Шортанбайдың Шөжемен айтысы, Шайхы Кәрібаев тапсырған «Қожа-молла» және Балтабай Адамбаев жинаған «Шортанбай айтқан екен» деген жазбалар кіргізілген.

Белгілі айтыс деуіміз Шортанбай мен Орынбайдың сөз сайысын кезінде В.В. Радлов 1870 жылы жариялаған, сондай-ақ бұл айтысты белгілі фольклор жинаушы Мәшһүр-Жүсіп те ел аузынан жазып алған, ол 2006 жылы «Алаш» баспасынан шыққан көп томдық шығармалар жинағының 6-томына енгізілген. Оқырман назарына Мәшекеңнің осы айтыстың туу тарихы туралы жазған кіріспесін бере кеткенді жөн көрдік:

«Керей Тұрлыбек советник болып, жеті дуан аралағанда қасында Қарауыл Бертағының баласы Орынбай ақын бар екен. Тұрлыбек Қарқаралыға барғанда, Орынбай бірге барып, Қаракесек-Майқы-Бошан деген елден көп олжа алып қайтқан екен. Арада бір жыл өткен соң, Қарқаралыға аға сұлтан күні, Құсбек төре Орынбайды қонақ болсын деп шақырыпты, Шортанбай қожаман айтыстыру үшін. Екеуі кездескен жерде Шортанбай айтқаны:

Жаратқан бәрімізді бір құдайым,  
Падиша пендесінің білер жайын.  
Атыңа анық, жүзіңе қанық едім,  
Жол болсын, жүрсің қайдан, Орынбайым?»,

деп айтыс осылай бір-бір шумақпен жалғасқан. Ұзаққа созылмаған айтыс мәтінінің соңынан Мәшекең: «Екеуінікі де жарастықты, сыпайы болды» деп әділ баға берген.

Еліміз егемендік алып, жақсыларымыз мен жайсаңдарымызды жарқыратып көрсете алатын заман туғанда, яғни 1993 жылы жазушы-журналист К.Жүністегінің тікелей ынта көтеруімен Шет ауданында жыраудың басына ескерткіш-бюст орнатылып, бейіті қоршалды, туғанына 175 жыл толуы зор салтанатпен атап өтілді. Жыраудың құрметіне оның аты аудандық тарихи-этнографиялық мұражайға берілді. Бұл оқиғадан бұрынғы Жезқазған облысының газеттерімен қатар Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті де тыс қалмай арнаулы тілшісінің репортажын жариялады. Тойға сол кездегі астанамыз Алматыдан Тұрсынбек Кәкішев, Мұхтар Мағауин, Абзал Бөкенов, Қарағандыдан Серік Ақсұңқарұлы сияқты белгілі ғалымдар мен ақындар қатысқан (Д.Ырысбайұлы. «Ақынның тойы өтті Аюлыда» «Орталық Қазақстан» – 1993.– 1 шілде).

Классик-жазушымыз Мұхтар Мағауин республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне осы тойдан әсерін былай жеткізген екен: «Бұл күндері Сарыарқада, атақты Ақсу-Аюлы өңірінде қазақ халқының ұлы ақыны Шортанбайдың 175 жылдық тойы өткеріліп жатыр. Ресми дәрежедегі салтанатты жиын, Қазақстанның ең білікті ғалымдары қатысқан ғылыми-теориялық кеңес, көне зират басындағы мүсінделген ескерткіш, қан жайлаудағы дүбірлі мереке, әлденеше дүркін ат бәйгесі, ұлттық ойындар, көл-көсір дастарқан, бата мен дұға – осының бәрі Шортанбай рухына жасалған тағзым ғана емес, ежелгі қазақ елінің қайта көтерілуінің кезекті бір белгісі» деп жазды.

Кәмен Жүністегі сондай-ақ, абыз жырауға арналған пьеса және «Соңғы абыз» (Астана, 2006) атты роман жазған бірден бір жазушы болып табылады. Ал ғалым Қанипаш Мәдібай «Зар заман ағымы және Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғады.

Белгілі қоғам қайраткері Қабылсаят Әбішевтің ықтияттылығымен кейінгі жылдары анықталғанындай, тұмарға жазып берген дұға арқылы Шортанбайдың азан шақырып қойған шын аты Ғали Мұхаммед екені анықталып отыр. Тұмардағы ескі қадыммен жазылған жазуды аударып берген Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылының иманы Айдаржан Қасенов, ол Қажыбай Мәндібайұлы және басқа бір топ діндарлардың шығармаларын араб әрпінен аударып, 2018 жылы Қарағанды жазушылар одағы басқармасының жаңадан сайланған төрағасы Серік Сағынтай бас болып бастырып шығарған «Аманат» атты кітаптың аудармашысы болып табылады.

Міне, осындай игілікті істердің арқасында жыраудың мұралары туған өлкемізге, бүкіл Қазақстанға мәшһүр болып, кеңінен насихатталуда. Жыраудың есімін мәңгі есте қалдыру шаралары да жасалды, оның тарихи



ата-мекені болып табылатын Қаратау өңіріндегі Кентау қаласында ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен бұрынғы Н.Крупская атындағы мектеп Шортанбай жырау атымен аталатын болды. Өткен жылы қыркүйек айында жыраудың 200 жылдығы ұмыт қалмай Шет ауданы құрылуының 90 жылдығымен бірге қатар аталып өтті. Газет-журналдарда танымдық мақалалар жарияланып, облыстық телеарналар әсерлі хабарларын арнады. Облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бастамасымен Қарағандыда «Шортанбай жырау тұлғасы: дәуір шындығы және ұлттық дүниетаным» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып, материалдары жеке жинақ болып жарияланды.

Дегенмен, сонау 1993 жылы Шет аудандық музейіне зор құрметпен берілген Шортанбай жырау атынан айдың-күннің аманы мына заманда айрылып қалғанымыз өкіндіреді. Егемендіктің елең-алаңында еліне, туып-өскен жеріне ерен еңбек сіңірген тарихи тұлғалардың есімдері жергілікті атқарушы және өкілді органдардың қаулы-қарарларымен -ақ есте қалдыру шаралары қолға алынған еді. Сол ізгі ниетпен шығарған шешімдерді кейін республикалық ономастикалық комиссияның, ел үкіметінің шешімімен бекіту мәселесі күн тәртібіне қойылғанда ауданда ешкім бас көтермей бұрынғы шешім күшін жойған екен. Осының кебін Қарағанды қаласындағы ер балаларға арналған қазақ-түрік лицейі де киді, оған 1993 жылы Бұқар жыраудың 325 жылдық мерейтойы қарсаңында зор қошаметпен облыс әкімі П.Нефедовтың шешімімен Ұлы жыраудың есімі берілген еді. Міне екеуінен де айрылып қалып отырмыз. Жергілікті атқарушы органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары, түрлі дәрежедегі ономастикалық комиссиялар өлкемізде туып-өскен танымал тұлғалардың өмірі мен халыққа сіңірген қызметтерін кеңінен насихаттап, жас ұрпақтың құлағына сіңіре беруі үшін олардың аттарын қалалар мен ауылдардағы көшелерге, кітапханаларға, мәдениет және білім мекемелеріне беру жұмыстарын заңға сай, халықпен ақылдаса отырып жүргізе беруі керек.

Абыз жырау Жақсы Жанғұттының қасында қайтыс болғаны белгілі. О дүниеге аттанар алдында Жанғұттыға күмбез бейіт салмауды аманат еткен екен. «Адам топырақтан жаралған. Қабірімнің үстіндегі топырақ күн нұрына бөленіп жатсын»,– деген екен жарықтық.

Зар заманда халқының болашағы үшін қиналған ұлы философ-жырау бүгінде көрпесін қырда қымтап, ұрпақтары күн нұрымен нұрланған «Мәңгілік ел» орнатып жатқанына кәміл сеніп, алаңсыз ұйқы кешуде...

**Аман ЖАНҒОЖИН,**  
**өлкетанушы-журналист,**  
**Қарағанды облыстық ономастикалық комиссияның 1993 жылдан мүшесі.**  
*ҚАРАҒАНДЫ қаласы.*

МАМАН КЕҢЕСІ

## ТІК ІШЕКТІҢ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ

Тік ішек обыры – қатерлі ісік. Соңғы 20 жылдың ішінде тік ішек обырымен ауыратындардың саны бірнеше есеге артқан. Өркениеті дамыған елдерде бұл аурумен ауыратындар саны көп. Тізімнің басында АҚШ, Канада, Израиль және Австралия тұрса, есесіне Үндістан, Қытай, Латын Америкасы және Орта Азия елдері тізімнің соңында. Тек Жапонияда ғана ерекшелік бар. Капитализм соншалықты дамығанына қарамастан, онкоаурумен ауыратындар ол елде бірен-саран ғана. Тік ішек обыры жасы келген адамдардың арасында көптеп кездеседі. Бүгінгі таңда әлем бойынша жыл сайын 510 000 тоқ ішек обыры тіркеледі. Оның 30-40%-ы тік ішек обырына шалдыққандардың үлесінде.

Әлі күнге дейін ғалымдар тік ішек обырының негізгі себебін анықтай алмай отыр. Дегенмен, аурудың пайда болуына себепкер болатын бірнеше жағдайды атап көрсетуге болады.

1.Тамақтану ерекшелігі. Егер тамақта ет тағамдары және малдың майы шектен тыс көп болса, өсімдік жасұнығы аз бола, уақыт өте келе адам ауыр кеселмен ауыруы мүмкін деген болжам бар. Жоғары калориялы және жеңіл сіңірілетін тағамдар ішектің тамақ сіңдіру тәртібін бұзады. Осының салдарынан, тамақтың құрамында болуы мүмкін немесе ішек бактериялары өндіретін канцерогенді заттар ұзақ уақыт бойы тік ішектің қабырғаларына әсер етеді. Вегетариандардың (ет ежемейтіндер) арасында тік ішек обырымен ауыратындар саны кездеспейді.

2.Талшықтаспен (асбест) жұмыс жасау.

3.Тік ішектің ұзақ уақыттан келе жатқан қабынуы және ауыруы.

4.Папилломовирусты инфекция және анальді төсек қатынасы. Ғалымдардың зерттеуінше, гемосексуалистердің тік ішек обырына ұшырауы ықтималдылығы жоғары.

Тік ішек обыры тез дамымайды. Алдымен ісік ішектің айналасында төменге және жоғарыға қарай ұзақ өседі. Ісік тік ішекті толықтай «құшақтау» үшін 1,5-2 жыл қажет деп есептеледі. Кейін ісік ішек қабырғасына, өзегіне және жамбас сүйегіне, көрші ағзаларға өседі. Обыр қанмен және лимфамен бірге ағзаға тарап, жаңа ісік ошағы пайда болады.

Басқа көптеген онкологиялық аурулар секілді, тік ішек обыры 5-15% жағдайда дәрігердің қабылдауына қаралғанда кездейсоқ анықталады. Адам өзінде тік ішек обыры барына күмән туғызатын жағдайлар мыналар:

- Артқы өтіс жолынан шырышты бөлінуі, қан немесе ірің аққан жағдайда;
- Үлкен дәреттің бұзылысы (іш қату мен іш өтудің кезектесуі);
- Тік ішектегі жағымсыз әсер мен ауырсыну;
- Үлкен дәреттегі ауыру, үлкен дәретке шыққысы келген сияқты болу.

Дегенмен, бұл белгілердің болуы әрқашан обыр бар дегенді білдірмейді. Ұқсас белгілер геморрой, парапроктит немесе ішектің тітіркенуі секілді аурулардың себебінен болуы да әбден мүмкін. Тік ішек обырының диагнозын қоюмен дәрігер-проктолог айналысады. Науқаста обыр болуы мүмкін деген күдік болған жағдайда, бірінші кезекте саусақпен ұстап қарайды. Мұндай қарапайым әдіс анальді өтістің 15 см-ге дейінгі тереңдікте жатқан ісікті анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге дәрігер нәжіс анализін тапсыруға жолдама береді. Диагнозды нақтылау үшін міндетті ректороманоскопию (тік ішекті ректоскоп арқылы көру) жасайды. Ол жарықты жеткізуге арналған металлдан жасалған арнайы түтік. Ректороманоскопия үстінде биопсия жасауға болады. Ол – толықтай зерттеу үшін микроскоппен (гистологиялық зерттеу) қарауға ісіктің кішкене бөлігін үзіп алу. Тек гистологиялық зерттеу ғана ісіктің қандай екенін, қатерлі немесе қатерлі еместігін анықтай алады. Диагностиканың қосымша әдісі ретінде дәрігер тік ішекке енетін құрылғысы бар УДЗ зерттеуін, ирригоскопия, колоноскопия, компьютерлі томография немесе рентген зерттеуін тағайындауы мүмкін.

Тік ішек обырын емдеудің негізгі әдісі – ісікті хирургиялық жолмен жою. Операцияның қай түрін таңдау керектігін ісіктің көлемі мен орналасқан жеріне қарай дәрігер шешеді. Егер техникалық шарттар мүмкіндік болса, ісікпен бірге ішектің кішкентай бөлігі ғана алынып тасталады. Ол кейін қалпына келеді. Гартман операциясы деп, ісік жатқан ішек бөлігін кесіп алып, төменгі (дистальды) ішек бөлігін жауып, іш қуысында қалдырады да, ал жоғарғы (проксимальды) ішек бөлігін сыртқа шығарып, жасанды жыланкөз (колостома) жасауды айтады. Қабыну үрдістері толығынан кетіп, аурудың хал-жағдайы жақсарғанан соң, ішек қуысын қайтадан қалыптастыру үшін, проксимальды және дистальды бөлімдерін қайта бір-біріне қосады.

Кей жағдайларда тік ішекті толығымен алып тастайды. Паллиативті операциялар тек ісік асқынып, аурудың хал-жағдайы мүлдем нашарлағанда қолданады. Егер, тіпті, алыстан метастаздар табылып, бірақ ісікті алуға болатын жағдай болса, онда резекция жасалынып (зақымданған жері ғана алынып), кейіннен химиотерапия жүргізіледі. Егер резекцияға жағдай келмесе, онда жасанды жыланкөз жасалынады. Ал кейде, ісік орналасқан тоқ ішектің, жоғарғы және төменгі бөліктері арасына қосушы айналмалы анастомоз салады, сөйтіп нәжістің ішек ішінде қатырмауды осылай қарастырады.

**Нұрлығайым ЖӘНІБЕКОВА**  
**«Тильман» ЖШС дәрігері**

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ – ҚАСИЕТІМ, ҚАДЫРЫМ

Түрік қыздарының оның ішінде қазақ даласында әлемді таңдандырған абзал аналар мен үкілі қыздары аз болған жоқ. Мысалы: Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нурбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі. Келін түскен өз елінің бар жақсы қасиетін, рухани моральдық құндылығын, өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағаның игілігіне, сол қалың елге сіңіре білген. Қазіргі қоғам дамуы мен ілгерілеуіне саясаткер-әйел, іскер – әйел ұйымдарының қосқан үлесі ерекше. Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, салт-санасың, дәстүрін баласына,немересіне жеткізуші жалғастырушы, дамытушы әрине, әйел-ана. Қазақ әйелдері мәдениеттің бесігінде тербетіліп және қоғамдағы өз орнын танып, әйелдіктен даналыққа отбасы, ошақ қасы тірліктің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген. «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле», деген ұлттық ұстанымызды ұлықтау. Қыз бойындағы изеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойына сіңген. Қатты күлмеу,айқайлап сөйлемеу, жолын кеспеу, ыдыс-аяқты сылдырлатпау, есікті теуіп ашпау, үлкендерден жоғары отырмау, киім киюі, жүріс-тұрысына дейін мән берген.

Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен. Ана – барлық өмірдің бастауы. Қазіргі заман қыздарының бойынан ақылдылық, инабаттылық,сымбаттылық, көріктілік және іскерлік қасиеттері де табылады. «Қыз» – ең қасиетті сөз. Қасиетті болу себебі – бүкіл адамзат қыздан тарайды:қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіп, ұлт қатарын көбейтеді. «Қыз өссе елдің көркі» дегендей, ел сәні, елдің көркі қыздың шырайландыратыны шындық.

**Шынар ҚАЖМАҒАНБЕТОВА,**  
**этно-фольклорлық «Ақ әжелер» ансамблінің мүшесі**


## «ЖСЖК» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

«Жылу сумен жабдықтау кәсіпорны». АҚ әкімшілігі бекітілген бағдарламаға сәйкес, 2018-2019ж. жылу маусымының аяқталуы кезінде кварталдық және магистралдық жылу жүйелерінің тығыздығына гидравликалық сынақтаулар өткізілетіні туралы Жезқазған қаласының тұрғындарына жеткізеді.

***1.Жылужелісі №3 –*** *(1,2,3,4,5,5а,6,7,10,15,16,19,21,22,60 орамдар)*  
***2019 ж. 29 сәуірде – кварталдық ж/желілері***  
***2019 ж. 29 сәуірде – магистралдық ж/желілері***  
***2.Жылужелісі №11 –*** *(1-ден 6-шыға дейінгі шағын аудандар, 8,9,60,91-ден 94-шіге дейінгі орамдар, Бекболатсай (Рыбачий), Қостанкелді (Комбинатский) шағын аудандары)*  
***2019 ж. 15 сәуірде – кварталдық ж/желілері***  
***2019 ж. 16 сәуірде – магистралдық ж/желілері***  
***3.Жылужелісі №9 –*** *23-ден 33-ке дейінгі орамдар, 61-ден 69-ға дейінгі, 76-ден 79-ға дейінгі, 80-нен 85-ке дейінгі орамдар, Асылбеков көшесі, Қарағанды көшесі, Бөгенбай батыр шағын ауданы (п.Пристанционный)*  
***2019ж. 22 сәуірде – кварталдық ж/желілері***  
***2019 ж. 22 сәуірде – магистралдық ж/желілері***

Тығыздыққа гидравликалық сынақтаулар өткізу кезеңіне кәсіпорындардың барлық басшылары, жеке кәсіпкерлер, ЖПК, Жезқазған қаласының Бөгенбай батыр шағын ауданындағы (п.Пристанционный), Бекболатсай (Рыбачий), Қостанкелді (Комбинатский) шағын аудандарындағы, 91-94 орамдардағы жеке тұрғын үй иелері, ішкі жылу жүйелерін басқару тораптарындағы жапқыш жабдықтарды жабулары қажет.

Аталған күндері жылу жүйелеріндегі және басқару тораптарындағы тұтынушылардың қосу мен сөндіру әрекеттерінен пайда болған салдарға «Жылу сумен жабдықтау кәсіпорны». АҚ жауапкершілік жүктелмейді.

**Анықтамалар 74-46-57 телефоны бойынша.**

**Жезқазған қаласының «ЖСЖК» АҚ әкімшілігі**

## АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

Администрация АО «Предприятие Тепловодоснабжения». доводит до сведения жителей г. Жезказгана о том, что согласно утвержденной программы, будут проводиться гидравлические испытания на плотность квартальных и магистральных тепловых сетей по окончании отопительного сезона 2018-2019 г.г. в следующие сроки:

***1. Теплосеть №3*** *(квартал 1,2,3,4,5,5а,6,7,10,15,16,19,21,22,60)*  
***29 апреля 2019 г. – квартальные т/сети***  
***29 апреля 2019г. – магистральная т/сеть***  
***2. Теплосеть №11*** *(микрорайоны с 1-го по 6-й, кварталы 8,9,60,с 91-го по 94-й, - мк-н Бекболатсай, (Рыбачий) мк-н Қостанкелді (Комбинатский) )*  
***15 апреля 2019 г. – квартальные т/сети***  
***16 апреля 2019г. – магистральная т/сеть***  
***3. Теплосеть №9*** *(кварталы с 23-го по 33-й, с 61-го по 69, с 76 по 79, с 80 по 85, ул.Асылбекова, ул.Карагандинская, мкрн Богенбай батыр (пос. Пристанционный)*  
***22 апреля 2019 г. – квартальные т/сети***  
***22 апреля 2019 г. – магистральная т/сеть***

На период проведения испытаний по тепловым сетям на плотность всем руководителям предприятий,частным предпринимателям, КСК, владельцам индивидуальных жилых домов в мкрн Бөгенбай батыр (пос.Пристанционный мкрн Бекболатсай (Рыбачий), мкрн Қостанкелді (Комбинатский), 91-94 кварталов, г.Жезказгана необходимо закрыть запорную арматуру на узлах управления внутренних отопительных систем.

АО «Предприятие Тепловодоснабжения» не несет ответственности за последствия, вызванные самовольными действиями потребителей по отключению и включению в узлах управления и на тепловых сетях в перечисленные дни. **Справки по телефону 74-46-57**

**Администрация АО «ПТВС» г.Жезказгана»**

# АУКЦИОН

**2019 жылғы «29» сәуірде сағат 11.00-де, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, (Жезқазған қаласы әкімдігінің әкімшілік ғимараты, 6 қабат, 608 кабинет «Ағылшындық» баға көтеру әдісі бойынша жер телімдерін сату аукционы өткізіледі. Анықтама үшін телефон: 8 (7102) 733537, 733012**

| № | Жер телімінің мекен-жайы | Жер телімінің нысаналы мақсаты | Ауданы **(га)** | Құқық түрі | Бас тапқы бағасы**(теңге)** | Жыл.жер салығы/ Жалдау төлемі | Кепілдік жарна |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жезқазған қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 27-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (дүкен) | 0,0168 | (5 жыл) уақытша жер пайдалану | 30401 | 2480 | 126250 |
| 2 | Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, «ПитСтоп» АЗС аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (СТО, автобокс) | 0,0240 | (5 жыл) | 398141 | 3070 | 126250 |
| 3 | Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, «Ұлытау» мейрамханасы аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (мейрамхана) | 0,1500 | (5 жыл) | 226200 | 19188 | 126250 |
| 4 | Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары, 1-үй аумағы гараж массиві | Бір көлік - орынды жеке гараж құрылысы үшін | 0,0024 | Жеке меншік | 43430 | 354 | 126250 |
| 5 | Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары, 1-үй аумағы гараж массиві | Бір көлік - орынды жеке гараж құрылысы үшін | 0,0024 | Жеке меншік | 43430 | 354 | 126250 |
| 6 | Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, 7-үй аумағы гараж массиві | Бір көлік - орынды жеке гараж құрылысы үшін | 0,0024 | Жеке меншік | 39811 | 307 | 126250 |
| 7 | Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 49 Б ғимарат аумағы, гараж массиві | Бір көлік - орынды жеке гараж құрылысы үшін | 0,0008 | Жеке меншік | 14477 | 102 | 126250 |
| 8 | Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, бұрынғы МАИ бекеті аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма, кемпинг) | 2,4000 | (5 жыл) | 3619200 | 283392 | 180960 |
| 9 | Жезқазған қаласы, Балқаш көшесі, ескі әуежай аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база және теміржолі) | 0,1900 | (5 жыл) | 289520 | 22435 | 126250 |
| 10 | Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, КИГ-3 гараждар аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (СТО, автобокс) | 0,0100 | (5 жыл) | 16588 | 1279 | 126250 |
| 11 | Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, КИГ-3 гараждар аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (СТО, автобокс) | 0,0900 | (5 жыл) | 149292 | 11513 | 126250 |
| 12 | Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, КИГ-3 гараждар аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (СТО, автобокс) | 0,0400 | (5 жыл) | 66352 | 5117 | 126250 |
| 13 | Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, 65-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (нан сату павильоны) | 0,0020 | (5 жыл) | 3619 | 295 | 126250 |
| 14 | Жезқазған қаласы, Сәтбаев көшесі, 37-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (нан сату павильоны) | 0,0020 | (5 жыл) | 3619 | 295 | 126250 |
| 15 | Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 93-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (нан сату павильоны) | 0,0010 | (5 жыл) | 1658 | 128 | 126250 |
| 16 | Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы 18-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (нан сату павильоны) | 0,0020 | (5 жыл) | 3619 | 295 | 126250 |
| 17 | Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, 43 ғимараты аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (сауда павильоны) | 0,0010 | (5 жыл) | 1629 | 133 | 126250 |
| 18 | Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары, 38 ғимараты аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (сауда павильоны) | 0,0020 | (5 жыл) | 3619 | 295 | 126250 |
| 19 | Жезқазған қаласы, өнірқәсіп аймағы, ТЭЦ аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (СТО, автобокс) | 0,0400 | (5 жыл) | 36192 | 2755 | 126250 |
| 20 | Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі мен Толстой кө шесі бұрышы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (қосымша учаскесі) | 0,1000 | (5 жыл) | 120640 | 9840 | 126250 |
| 21 | Жезқазған қаласы, Желтоқсан кошесі, 2 жер телімі аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (қосымша учаскесі) | 0,1100 | (5 жыл) | 132704 | 6314 | 126250 |
| 22 | Жезқазған қаласы, Некрасов көшесі, 12-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (қосымша учаскесі) | 0,0300 | (5 жыл) | 54288 | 3838 | 126250 |
| 23 | Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, Абылай ескерткіші аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (қосымша учаскесі) | 0,0450 | (5 жыл) | 74646 | 5756 | 126250 |
| 24 | Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, КИГ-3 гараждар аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (қосымша учаскесі) | 0,1000 | (5 жыл) | 164880 | 12792 | 126250 |
| 25 | Жезқазған қаласы, Деев көшесі, су жағалау аймағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (демалыс аймағы нысандар) | 1,0000 | (5 жыл) | 1 809 600,0 | 147 600,0 | 120 250,0 |
| 26 | Жезқазған қаласы, Аварийный кенті | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (жылыжай) | 1,0000 | (5 жыл) | 904 800,0 | 68 880,0 | 120 250,0 |
| 27 | Жезқазған қаласы, Оңтүстік өнеркәсіп аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (қойма, өндірістік, өнеркәсіп база) | 1,3000 | (5 жыл) | 1 568 320,0 | 89 544,0 | 120 250,0 |
| 28 | Жезқазған қаласы, Батыс тұрғын аймағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (кеңсе, дүкен) | 0,0500 | (5 жыл) | 75 400,0 | 5 904,0 | 120 250,0 |
| 29 | Жезқазған қаласы, Бөкейханов көшесі, ағалау аймағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (тұтыну қызметтері саласындағы объектілер) | 0,0200 | (5 жыл) | 24 128,0 | 1 968,0 | 120 250,0 |
| 30 | Жезқазған қаласы, Мұқанов көшесі, мешіт аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (кеңсе, дүкен) | 0,0375 | (5 жыл) | 62 205,0 | 4 797,0 | 120 250,0 |
| 31 | Жезқазған қаласы, Түсіпбеков көшесі, 5 тұрғын-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (техникалық қызмет көрсету бекеті, автодүкен) | 0,0150 | (5 жыл) | 22 620,0 | 1 771,0 | 120 250,0 |
| 32 | Жезқазған қаласы, Оң түстік өнеркәсіп аймағы, Степная көшесі | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма) | 0,2500 | (5 жыл) | 301 600,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 33 | Жезқазған қаласы, Аварийный кенті, автожол бойы, бұрынғы жылыжай аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2500 | (5 жыл) | 226 200,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 34 | Жезқазған қаласы, Аварийный кеңті, «Гелиос» жанармай бекеті аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2500 | (5 жыл) | 226 200,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 35 | Жезқазған қаласы, Аварийный кеңті, «Гелиос» жанармай бекеті аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2500 | (5 жыл) | 226 200,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 36 | Жезқазған қаласы, Аварийный кенті, №21 жанармай бекеті аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік және, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,3000 | (5 жыл) | 271 440,0 | 20 664,0 | 120 250,0 |
| 37 | Жезқазған қаласы, Аварийный кенті, УГАД базасы бұрылысы аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2500 | (5 жыл) | 226 200,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 38 | Жезқазған қаласы, Аварийный кенті, УГАД базасы бұрылысы аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2500 | (5 жыл) | 226 200,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 39 | Жезқазған қаласы, Аварийный кенті, автожол бойы,мыс зауыты аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2500 | (5 жыл) | 226 200,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 40 | Жезқазған қаласы, Аварийный кенті, автожол бойы,мыс зауыты аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2500 | (5 жыл) | 226 200,0 | 17 220,0 | 120 250,0 |
| 41 | Жезқазған қаласы, 5 аймақ, 8 Март көшесі, «Олимп» қойма аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма) | 0,2000 | (5 жыл) | 301 600,0 | 19 680,0 | 120 250,0 |
| 42 | Жезқазған қаласы, 5 аймақ, 8 Март көшесі, «Олимп» қойма аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма) | 0,2000 | (5 жыл) | 301 600,0 | 19 680,0 | 120 250,0 |
| 43 | Жезқазған қаласы, 5 аймақ, 8 Март көшесі, Строй-Март қойма аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма) | 0,2000 | (5 жыл) | 301 600,0 | 19 680,0 | 120 250,0 |
| 44 | Жезқазған қаласы, 5 аймақ, 8 Март көшесі, Строй-Март қойма аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма) | 0,2000 | (5 жыл) | 301 600,0 | 19 680,0 | 120 250,0 |
| 45 | Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, Сәтбаев қаласына шығаберіс, бұрынғы МАИ бекеті | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма АЗС, көлік жуу, шиномонтаж, техникалық қызмет көрсету бекеті) | 0,2000 | (5 жыл) | 301 600,0 | 23 616,0 | 120 250,0 |
| 46 | Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, Пушкин көшесінің қиылысы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (дүкен, кеңсе) | 0,0150 | (5 жыл) | 24 882,0 | 1 919,0 | 120 250,0 |
| 47 | Жезқазған қаласы, Панфилов көшесі, 100-үй аумағы | Жеке тұрғын-үй құрылысы үшін | 0,1000 | Жеке меншік | 1 658 800,0 | 12 792,0 | 120 250,0 |
| 48 | Жезқазған қаласы, Балқаш көшесі, 1 тұрғын-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (кафетерий, кеңсе, дүкен) | 0,5000 | (5 жыл) | 18 096,0 | 2 214,0 | 120 250,0 |
| 49 | Жезқазған қаласы, Деев көшесі, 5 тұрғын-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (кафетерий, кеңсе, дүкен) | 0,0100 | (5 жыл) | 18 096,0 | 1 476,0 | 120 250,0 |
| 50 | Жезқазған қаласы, Қошқарбаев көшесі, диірмен аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма) | 0,1000 | (5 жыл) | 120 640,0 | 9 840 | 120 250,0 |
| 51 | Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары, 54-үй аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (кафетерий, кеңсе, дүкен) | 0,0250 | (5 жыл) | 45240 | 3690 | 126250 |
| 52 | Жезқазған қаласы, Қошқарбаев көшесі, диірмен аумағы | Кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма) | 4,0000 | (5 жыл) | 3619200 | 275520 | 180960 |

Жоғарыда көрсетілген жер телімдері нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану мен ауыртпашылықты жер телімдерін сату бойынша кепілдік жарнасының сомасы әр обьекті бағасының 5% құрайды, бірақ елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек. Кепілдік жарна депозитінің есепшотына енгізіледі: ЖСК KZ 020705632251006, «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі БИК KKMFKZ2A, БСН 050140001971, ММ коды 4632251, КБЕ 12, КНП 171.

Бұл ретте, кепілдік жарна сауда-саттық объектілерінің әрқайсысы бойынша бөлек енгізіледі. Аукционға қатысу үшін тіркелу және өтініштерді хабарлама шыққан күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімінің кабинетінде және 2019 жылдың 26 сәуір сағат 18.00 де аяқталады. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін мынадай құжаттарды беру қажет:

**Жеке тұлғалар үшін:** 1. Мәліметтер түрінде нысанында жер учаскесіне меншік құқығын (жалдау) сату жөнінде аукционға қатысуға өтінім; 2) сауда-саттыққа қатысушы кепілдік жарнаны «электронды үкімет» төлем шлюзы арқылы төлеген жағдайды қоспағанда, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжаты; 3) өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат;

**Заңды тұлғалар үшін:**

Мәліметтер түрінде нысанында жер учаскесіне меншік құқығын (жалдау) сату жөнінде аукционға қатысуға өтінім; 2) сауда-саттыққа қатысушы кепілдік жарнаны «электронды үкімет» төлем шлюзы арқылы төлеген жағдайды қоспағанда, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжаты; 3) өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат; Көшірмелердің дұрыстығын растау үшін салыстырып тексеру үшін түп нұсқалар ұсынылады. **Анықтама үшін телефон: 8 (7102) 733537, 733012.**

**29 апреля 2019 года в 11:00 часов по адресу: город Жезказган, площадь Алаша, 1, этаж 6, кабинет 608 состоится аукцион по продаже земельных участков по «Английскому» методу на повышение цены.**

**Более подробную информацию Вы можете получить по тел.: 8(7102)733537, 733012**

| № | Место расположения земельного участка | Целевое назначение земельного участка | Площадь (га) | Вид отчуждаемого права | Начальная цена (тенге) | Ежеодн. Арендная плата | Гарантийный взнос |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | город Жезказган, улица Б.Момышұлы, район дома 27 | Строительства объектов малого бизнеса (магазин) | 0,0168 | Временное земле-пользование (5 лет) | 30401 | 2480 | 126250 |
| 2 | город Жезказган, улица Холмецкого, район АЗС «ПитСтоп» | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автобокс) | 0,0240 | (5 лет) | 398141 | 3070 | 126250 |
| 3 | город Жезказган, проспект Алашахана, район ресторана Улытау | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (КРК, ресторан) | 0,1500 | (5 лет) | 226200 | 19188 | 126250 |
| 4 | город Жезказган, бульвар Ғарышкерлер, район дома 1 | Строительства индивидуального гаража на одно-машино место | 0,0024 | Частная собственность | 43430 | 354 | 126250 |
| 5 | город Жезказган, бульвар Ғарышкерлер, район дома 1 | Строительства индивидуального гаража на одно-машино место | 0,0024 | Частная собственность | 43430 | 354 | 126250 |
| 6 | город Жезказган, улица Сейфуллина, район здания 7 массив гаражей | Строительства индивидуального гаража на одно-машино место | 0,0024 | Частная собственность | 39811 | 307 | 126250 |
| 7 | город Жезказган, улица Абая, район дома 49 Б | Строительства индивидуального гаража на одно-машино место (дополнительный участок) | 0,0008 | Частная собственность | 14477 | 102 | 126250 |
| 8 | город Жезказган, улица Сарыарка, район бывшего поста ГАИ | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (производственная базы, склад) | 2,4000 | (5 лет) | 3619200 | 283392 | 180960 |
| 9 | город Жезказган, улица Балхашская, район старого аэропорта | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (промышленная, производственная база с ЖД тупиком) | 0,1900 | (5 лет) | 289520 | 22435 | 126250 |
| 10 | город Жезказган, улица Сарыарка, район гаражей КИГ-3 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автобокс) | 0,0100 | (5 лет) | 16588 | 1279 | 126250 |
| 11 | город Жезказган, улица Сарыарка, район гаражей КИГ-3 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автобокс) | 0,0900 | (5 лет) | 149292 | 11513 | 126250 |
| 12 | город Жезказган, улица Сарыарка, район гаражей КИГ-3 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автобокс) | 0,0400 | (5 лет) | 66352 | 5117 | 126250 |
| 13 | город Жезказган, улица Сейфуллина, район дома 65 | Установка торгововго павильона (хлебный павильон) | 0,0020 | (5 лет) | 3619 | 295 | 126250 |
| 14 | город Жезказган, улица Сатпаева, район дома 37 | Установка торгововго павильона (хлебный павильон) | 0,0020 | (5 лет) | 3619 | 295 | 126250 |
| 15 | город Жезказган, улица Абая район дома 93 | Установка торгововго павильона (торговый павильон) | 0,0010 | (5 лет) | 1658 | 128 | 126250 |
| 16 | город Жезказган, проспект Алашахана, район дома 18 | Установка торгововго павильона (хлебный павильон) | 0,0020 | (5 лет) | 3619 | 295 | 126250 |
| 17 | город Жезказган, улица Сейфуллина, район здания 43 | Установка торгововго павильона (торговый павильон) | 0,0009 | (5 лет) | 1629 | 133 | 126250 |
| 18 | город Жезказган, бульвар Ғарышкерлер, район здания 38 | Установка торгововго павильона (торговый павильон) | 0,0020 | (5 лет) | 3619 | 295 | 126250 |
| 19 | город Жезказган, промзона, район ТЭЦ | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автобокс) | 0,0400 | (5 лет) | 36192 | 2755 | 126250 |
| 20 | город Жезказган, улица Сарыарка, угол улицы Толстого | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (дополнительный участок) | 0,1000 | (5 лет) | 120640 | 9840 | 126250 |
| 21 | город Жезказган, улица Желтоқсан, район складских помещений, участок 2 | Строительства объектов малого бизнеса (дополнительный участок) | 0,1100 | (5 лет) | 132704 | 6314 | 126250 |
| 22 | город Жезказган, улица Некрасова, район дома 12 | Строительства объектов малого бизнеса (дополнительный участок) | 0,0300 | (5 лет) | 54288 | 3838 | 126250 |
| 23 | город Жезказган, проспект Алашахана, район памятника Абылайхану | Строительства объектов малого бизнеса (гостиничный комплекс) | 0,0450 | (5 лет) | 74646 | 5756 | 126250 |
| 24 | город Жезказган, улица Сарыарка, район гаражей КИГ-3 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (дополнительный участок) | 0,1000 | (5 лет) | 164880 | 12792 | 126250 |
| 25 | город Жезказган, улица Деева, прибрежная зона | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (объекты зоны отдыха) | 1,0000 | (5 лет) | 1 809 600,0 | 147 600,0 | 126250 |
| 26 | город Жезказган, поселок Аварийный | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (строительство теплицы) | 1,0000 | (5 лет) | 904 800,0 | 68 880,0 | 126250 |
| 27 | город Жезказган, Южная промзона | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (производственная база) | 1,3000 | (5 лет) | 1 568 320,0 | 89 544,0 | 126250 |
| 28 | город Жезказган, Западный район | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (строительство теплицы) | 0,0500 | (5 лет) | 75 400,0 | 5 904,0 | 126250 |
| 29 | город Жезказган, улица Бокейханова, в районе дома 2 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (сфера бытового обслуживания) | 0,0200 | (5 лет) | 24 128,0 | 1 968,0 | 126250 |
| 30 | город Жезказган, улица Муканова, в районе мечети | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (офис, столовая) | 0,0375 | (5 лет) | 62 205,0 | 4 797,0 | 126250 |
| 31 | город Жезказган, улица Тусупбекова, в районе жилого дома 5 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автомагазин) | 0,0150 | (5 лет) | 22 620,0 | 1 771,0 | 126250 |
| 32 | город Жезказган, Южный промузел, улица Степная | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (производственная база, склад) | 0,2500 | (5 лет) | 301 600,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 33 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, район бывших теплиц | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2500 | (5 лет) | 226 200,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 34 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, напротив АЗС «Гелиос» | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2500 | (5 лет) | 226 200,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 35 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, напротив АЗС «Гелиос» | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2500 | (5 лет) | 226 200,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 36 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, в районе АЗС № 21 | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,3000 | (5 лет) | 271 440,0 | 20 664,0 | 126250 |
| 37 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, повороте на базу УГАД | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2500 | (5 лет) | 226 200,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 38 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, повороте на базу УГАД | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2500 | (5 лет) | 226 200,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 39 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, район медеплавильного завода | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2500 | (5 лет) | 226 200,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 40 | поселок Аварийный, вдоль автодороги, район медеплавильного завода | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2500 | (5 лет) | 226 200,0 | 17 220,0 | 126250 |
| 41 | 5 район, улица 8 Марта, район складов «Олимп» | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, склад) | 0,2000 | (5 лет) | 301 600,0 | 19 680,0 | 126250 |
| 42 | 5 район, улица 8 Марта, напротив складов «Олимп» | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, склад) | 0,2000 | (5 лет) | 301 600,0 | 19 680,0 | 126250 |
| 43 | 5 район, улица 8 Марта, район складов Строй-Март | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, склад) | 0,2000 | (5 лет) | 301 600,0 | 19 680,0 | 126250 |
| 44 | 5 район, улица 8 Марта, напротив складов Строй-Март | Строительства объектов малого бизнеса (производственная база, склад) | 0,2000 | (5 лет) | 301 600,0 | 19 680,0 | 126250 |
| 45 | улица Сарыарка, выезд на г.Сатпаев, район бывшего поста ГАИ | Строительства объектов малого бизнеса (производственна база, складские помещения, АЗС, автомойка, шиномонтаж, СТО) | 0,2000 | (5 лет) | 301 600,0 | 23 616,0 | 126250 |
| 46 | город Жезказган, улица Сейфуллина, угол улицы Пушкина | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (офис) | 0,0150 | (5 лет) | 24 882,0 | 1 919,0 | 126250 |
| 47 | город Жезказган, улица Панфилова, район дома 100 | Индивидуального жилищного строительства | 0,1000 | (5 лет) | 1 658 800,0 | 12 792,0 | 126250 |
| 48 | улица Балхашская, район жилого дома 1 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (кафетерий) | 0,0150 | (5 лет) | 18 096,0 | 2 214,0 | 126250 |
| 49 | улица Деева, район дома 5 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (кафетерий, офис, магазин) | 0,0100 | (5 лет) | 18 096,0 | 1 476,0 | 126250 |
| 50 | улица Кошкарбаева, район мельницы | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (производственная базы, склад) | 0,1000 | (5 лет) | 120 640,0 | 9 840 | 126250 |
| 51 | бульвар Ғарышкерлер, район дома 54 | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (кафетерий, офис, магазин) | 0,0250 | (5 лет) | 45240 | 3690 | 126250 |
| 52 | город Жезказган, район ОГМЗ | Строительства объектов малого и среднего бизнеса (производственная база) | 4,0000 | (5 лет) | 3619200 | 275520 | 180960 |

Перечень земельных участков, предлагаемых для продажи на аукцион

**Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо представить:**

1) заявку на участие в аукционе; 2) документ, удостоверяющий личность; 3) копию платежного документа, подтверждающего внесение гарантийного взноса;

4) документ, удостоверяющий полномочия представителя.

Заявки на участие в аукционе принимаются в письменной форме по адресу: город Жезказган, площадь, 1 кабинет 608, тел.: 87102733537.

Гарантийный взнос по каждому земельному участку составляет 5 (пять) процентов от минимальной цены объекта торгов, но не менее 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей, вносится на депозитный счет ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказган», ИИК KZ 020705034632251006, БИК KKMFKZ2A, БИН 050140001971 , КБе 12, КНП 171, код ГУ 4632251. Срок окончания приема заявок 18:00 часов 26 апреля 2019 года.

Участники вправе внести любое количество гарантийных взносов, при этом один гарантийный взнос дает право покупки одного земельного участка или права аренды земельного участка.

**УСЛОВИЯ ПРОВЕДЕНИЯ АУЦИОНА:** Английский метод торгов. Аукционист объявляет начальную цену объекта и шаг увеличения цены, шаг изменения устанавливается в пределах от 5 до 10 процентов текущей цены объекта. Поднятием номера участники торга повышают стартовую цену, но не менее чем на объявленный шаг. Аукционист объявляет аукционные номера участвующих в торгах по объекту, закрепляет цену и предлагает ее повысить. Торги по объекту идут до наивысшей предложенной цены. Аукционист объявляет участника, предложившего наиболее высокую цену за объект. Аукционист трижды повторяет последнюю цену объекта и, при отсутствии других поднятых номеров, с ударом молотка объявляет о продаже данного объекта.

Торги по объекту считаются состоявшимися только в том случае, если количество участвующих в торгах по объекту не менее двух.

**ФОРМА И УСЛОВИЯ ПЛАТЕЖА:** авансовый платеж вносится в размере 50 % от цены, установленной в ходе аукциона, в срок не позднее пяти банковских дней со дня подписания договора купли-продажи. Гарантийный взнос засчитывается в счет причитающегося авансового платежа. Оставшаяся сумма должна быть внесена не позднее 30 календарных дней со дня подписания договора купли-продажи.

**УСЛОВИЯ ПРОДАЖИ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ:** обязательное использование в соответствии с целевым назначением, получение архитектурно-планировочного здания для проектирования объекта, предоставления сервитутов, своевременное внесение земельного налога.

**ОБРЕМЕНЕНИЯ (ОГРАНИЧЕНИЯ) НА ЗЕМЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК:** обеспечить беспрепятственный доступ на земельный участок эксплуатирующим службам для технического обслуживания инженерных сетей, расположенных на земельном участке, и прокладки новых в случае необходимости.

ТАҒЗЫМ

# ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНЕ ҰМТЫЛҒАНДАР

## *аймақтық ғылыми-практикалық конференцияда кездесті*

**Қазақтың маңдайына бітіп, мақтанышына айналған перзенті, ғұлама, тұңғыш академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай ғалымның атындағы №7 мектеп-лицейі «Әлем бас иген ұлы тұлға» тақырыбында аймақтық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды.**



Ғылыми-практикалық конференция қатысушылары алдымен мектеп жанынан ашылған Қаныш Сәтбаевтың мұражайымен, залымен, сондай-ақ, «Әлемнің кіндігі, Үш жүздің бірлігі» атты өлкетану залымен жақын танысты. Одан кейін секциялық бөлімде «Ғылыми-техникалық прогресс: экономикалық өсудің негізгі буыны», «Таза табиғи орта – Қазақстан-2030», «Қазақстанның тарихи ескерткіштері мен саяхат бағыттары», «Экономикалық және әлеуметтік процесстерді математикалық модельдеу» тақырыбында өз ойларын ортаға салып, жобаларын қорғады. Екінші бөлімде конференцияға қатысқан жоғары сынып оқушылары өз қолдарымен жасаған қолөнер туындыларын паш еткен «Ізденіс. Тәжірибе. Даму» көрмесіне қатысты. «Әлем бас иген ұлы тұлға» атты теориялық бөлімде төрт баяндама тыңдалды. Кеншілер қаласынан келген №15 орта мектептің мұғалімі Қалдыгүл Есмағанбетова өз баяндамасына Қаныш Сәтбаевтың өнегелі өмірін үлгі етудің жолдарын көрсетсе, Гүлмира Қойлыбаева ғалымның саналы ғұмырынан сыр шертті. Сәтбаев қаласының №7 мектебінің 11-сынып оқушысы Айтолқын Бижанова Жезқазған қаласының Қаныш есімімен тікелей байланысты екенін ашып көрсетті. Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы Аяулым Бексұлтанова «Сегіз қырлы, бір сырлы – Қаныш әлемі» атты баяндамасын ұсынды.

«Әлем бас иген ұлы тұлға» тақырыбында аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның қорытындысы бойынша өткен марапаттау салтанатына қатысқан қалалық білім беру бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, Қаныш Имантайұлының есімі мен еңбектерін мәңгі сақтау әрі ғалымның жолын жалғастыру бүгінгі ұрпақтың еншісінде екенін атап өтті. Конференция қорытындысы бойынша бастауыш сыныптар арасында қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау секциясында жүлделі І орын сәтбаевтық Дидар Еркінбекке бұйырды. Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау секциясы бойынша 5-11 сыныптар арасында №13 орта мектептің оқушысы Жомарт Жалил үздік атанды. Физика, техника, жер және космос туралы ғылымдар секциясында №1 орта мектептің 9-сынып оқушысы Мейіржан Райымқұлов қарсыластарынан басым түсті. Математикалық секцияда І орынды кеншілер қаласының намысын қорғаған Ақбаян Сариева жеңіп алды. Бастауыш сынып арасында өлкетану, әдебиет секциясында Малика Қарабай жеңімпаз атанды. Осы бағытта жоғары сынып оқушылары арасынан Нурия Сұлтансейтованың жолы болды. Этномәдениеттану, әдебиет , тарих, тілтану бағытында Алуа Советова жеңіске жетті. Барлық жеңімпаздар дипломдармен марапатталып, естелік сыйлықтарға ие болды.

**Бота ШАЛҚАР**

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



**Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейде ғалымның туғанына 120 жыл толуына орай «Ұлы даланың ұлы тұлғалары: Қаныш Сәтбаев» атты дөңгелек үстел өтті.**

Жезқазған мен Қаныш – егіз ұғым. Қазақтан шыққан геолог, ғалым – мысты өлкені зерттеп, қаланың негізін салуға себепші болған ұлы тұлға. Қаныш Имантайұлының 120 жылдығы өзінің төл баласы атанған Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Дөңгелек үстел басына қаланың Құрметті азаматтары, ғалымдар, ұстаздар, Қаныш ағаның көзін көргендер жиналды. Бұл игі шараға «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесі ұйытқы болғанын айта кеткен жөн.

Білім ордасына Қарағанды облысының Құрметті азаматы Мұзараф Аханов, ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы Сұлтан Сүтбаев, білім саласының ардагері Шабал Бейсенбекова, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Мүсілім Тоқтамысов, ҚР Құрметті энергетигі Яхия Асатов, «Қазақмыс» корпорациясы» жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Жезқазған геологиялық партиясының бұрғылау шебері Халық Темірбаевтың баласы Бейсен Темірбаев, ғалымның қызы Мейіз Қанышқызының сыныптасы Инна Решетова, Қаныш Сәтбаев «оқымаған геолог» деп атап кеткен Күзейбай Жейдебайұлының келіні Шахбазия Ибадильдина, мысты аймақтан шыққан алғашқы қазақ өндіріс жетекшілерінің бірі Әбдірахман Тоқтыбаевтың немересі Айгүл Түтеева келді.

Шара мектептің бірінші қабатында орналасқан Қаныш атаның ескерткіші жанында бастау алды. Осы жерде білім алушылар ғалымға деген арнауларын оқып берді. Жиналған ардагерлердің атынан ескерткішке гүл қойылып, ғалымға құрмет көрсетілді.

Акт залында жалғасқан шараны Төлеген Бүкіров құттықтау сөзбен ашты. Ол өз сөзінде Қаныш Имантайұлының еңбектері баға жетпес құндылық екенін, сондай-ақ, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу аға буынның міндеті екенін атап өтті. Мұзараф Аханов қазақ геологиясының негізін қалаған Қаныш Имантайұлы ең алдымен қарапайым қазақтың баласы, содан кейін ұлы академик болғанын тілге тиек етті. Ол өз сөзінде: «Мен Қаныш ағаны Гималай тауына теңеймін», – деді. Шынымен де, Қаныш Имантайұлын бүкіл әлем танып, оның еңбектерін мойындап, асқақтатса да, ол ауылда тілеуін тілеп отырған қарапайым халықтан төмен екенін ешқашан ұмытқан емес. Шабал Бейсенбекова академикпен екі рет жүздескенін айтып, естеліктерімен бөлісті.

Ел ағалары жиналған шараға өскелең ұрпақ та қатысты. Олар Қаныш аталарына арнап өлең жолдарын оқыды, музыкалық сәлемдемелерін жолдады. Ата-апалары айтқан өнегелі әңгімелерге құлақ түріп, өздеріне ой түйді.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

# ЖАС ШЕШЕНДЕР СӨЗ ЖАРЫСТЫРДЫ

**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай мектеп оқушылары арасында пікірталас ойыны өтті.**

Жезқазған қаласының ашылуына себепкер болған Қаныш Имантайұлының есімі бүкіл қазақ еліне, тіпті, әлемге танымал. Оның мерейтойын республикалық, халықаралық деңгейде атап өту жоспарланған. Оқушылар арасында өткен дебат сол берері мол шаралардың бір парасы. Бой емес, ой жарыстыратын сайыста музей басшысы Раушан Қапарова сөз алып, ойыншыларға сәттілік тіледі. Ал, жас шешендерге ақын Ғазиз Ештанаев, Жезқазған университеті «Ұрпақ үні» клубының жетекшісі Бақыткелді Әбілдә, музейдің ғылыми қызметкері Алтынай Бірмұқанова төрелік айтты.

Өзара сынға түскен №5 орта мектеп және №8 гимназияның білім алушылары Қаныш атаның есімін мәңгілік ету үшін түрлі идеяларды ұсынды. Бірі ғалымның еңбектерін әлем тілдеріне аудару керек десе, бірі геолог туралы көркем, деректі фильмдер түсіру керектігін айтты. Енді бірі қазақтың маңдайына біткен Қаныш есімін ұлықтауға Нобель сыйлығы да аздық етеді деп пікір білдірді. Ойлары сан-саққа жүгірген дебатшылар ғалымның есімін қанша ұлықтап, қанша кітап жазып, фильм түсірсе де аздық етеді деген пікірге тоқтады.

Тартысты ойынның нәтижесі бойынша Қ.Шыңғысов атындағы №5 мектептің оқушылары жеңімпаз атанды, ал №8 гимназия оқушылары алғыс хатпен марапатталды.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

**«Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Әділет органдары кеңес береді» акциясы өтті.**



Шараға Жезқазған қаласы Әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Құсайын Ағыбаев, Жезқазған қаласы әділет басқармасының бас маманы Айнұр Нұрғалиева, жеке нотариус Сәуле Жанділдинова, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі филиалының атқарушы хатшысы Нұрболат Күлбай, жылумен және сумен жабдықтау кәсіпорнының басшысы Болат Аманбаев, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кеңесшісі Кенжегүл Оразбекова қатысты.

Тоқсан сайын өтетін акцияның басты мақсаты – тұрғындарға құқықтық көмек көрсету, ҚР заңдарын түсіндіру үшін сұхбат алаңын ұсыну. Сондай-ақ, тұрғындардың мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасы аясында ұсыныстар мен түсініктеме беруді көздейді.

Аталмыш шара қала тұрғындары арасында тұрғын үй, жұмыссыздық, жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін несие алу сынды мәселелері көптеп кездесетінін көрсетті. Бүгінде құқықтық сауаттылығы төмен тұрғындар көптеген мәселелермен бетпе-бет келеді. Сондықтан, бұндай кездесулер қарапайым тұрғындар үшін керек. Олар өздерінің құқықтарын мен міндеттерін білмеген жағдайда білікті мамандардан кеңес алып, туындаған мәселесін заң жүзінде дұрыс шешудің жолдарымен танысады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

АКЦИЯ

**Қаланың бірқатар медициналық мекемелерінде Дүниежүзілік денсаулық күніне орай ашық есік күні өтті.**

# САУ БОЛУ – СӘНДІ



Денсаулық күнінің тарихына келсек, бұл күнді атап өту 1948 жылдың 7 сәуірінен басталған. Жер бетіндегі барша ұлт пен ұлысқа ортақ бұл күн өз елімізде тәуелсіздік алған жылдан бері аталып келеді. Денсаулық күнін атап өту – бұл қалың жұртты өз денсаулығына назар аударту, оның маңыздылығын, құндылығын түсіндіру, адамдардың денсаулығын сақтап қалу үшін не істеу қажет екендігін жеткізу үшін өткізілетін іс-шара.

Көпсалалы емханада «Сау болу – сәнді» деп аталған денсаулық күні ақ халаттылардың флешмоб биімен бастау алды. Күннің суығына қарамастан дәрігерлер емделушілерге үлгі болатындай би жарыс ұйымдастырған. Қимыл-қозғалыс салауатты өмір салтының кепілі. Жезқазғандықтар осыны ұмытпаса екен дейді адам жанының шырақшылары. Терапевт Шахзод Султонкуловтың айтуынша, жезқазғандықтар арасында ішек, асқазан аурулары, артериалдық қысымы жоғарылағандардың саны көбеюде. Ашық есік күні дәрігерлер келген тұрғындарға алғашқы көмектері мен кеңестерін берді.

Орталық аурухана базасында орналасқан кеңес беру-диагностикалық орталығы да бұл игі шарадан қалыс қалмады. Науқастарды алдын ала қабылдауға жазылусыз-ақ тексеріп жатты. Бұл күні онколог, травматолог, офтальмолог, лор, сонымен қатар, удз және эндоскопия кабинеттері жұмыс істеді. Орталықтың меңгерушісі Ахат Қасымбеков осындай акциялар қала тұрғындарына медициналық тексерістен өтіп, дер кезіне көмек алуға мүмкіндік беретінін алға тартты.

Сонымен қатар, денсаулық күніне орай өткізілген ашық есік күні ЖИТС-тің алдын алу және күресу орталығы, «Мәкенбаева», «Бексейтова» отбасылық денсаулық амбулаторияларында да өтті.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!




БӘРЕКЕЛДІ!

# БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАР ЖАРАДЫ

**Жезқазған гуманитарлық колледжі студенттерінің қанжығалары майланып, республикалық, облыстық деңгейде жүлдегер атанды.**



Колледж базасында құрылған «Jarqyn life» педагогикалық жасағы 3-6 сәуір аралығында Ақмола облысының Щучье қаласындағы «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткен «Жастар – болашақ жеңістердің негізі» атты педагогикалық жасақтардың республикалық слетіне қатысып, жүлделі І орынды иеленді. Слеттің бірінші күні жарысқа қатысушылар «Жастар болашақтың парадигмасы» атты Жастар жылына арналған көрмеге жазғы сауықтыру лагеріне қажетті әдістемелік құралдар дайындап, жастардың демалыс орталығының макетін жасады. Және оны үш тілде қорғап, комиссия мүшелерін таңғалдыра білді. Оған қоса команданың таныстыруы да ерекше болды. Олар ән шырқап, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Жарыстың екінші күні «Балдаурен» РМҚК РОСО базасына демалып жатқан 8-12 жастағы балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі таңда сәнге айналған «квест» ойындарын ойнатты. Ойын барысында қатысушылар бірқатар кедергілерден өтіп, логикалық жұмбақтарды шешіп, тапсырмаларды орындады. Осылайша бұл ойындар балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға септесті. «Ш-49» тобының студенті Арайлым Маралова жетекшілік еткен жарысқа «Ш-39» тобының білім алушылары Төлеби Сүлейменов, Арман Төлеу, Арайлым Бектас, Рауана Накупова, Акмарал Социал, Мадина Дәрібаева, Ақзере Мансұр да қатысты.

Жарыс болған жерде бақталастық та бар. Бірақ, сайыс алаңында қарсылас болғанымен болашақ ұстаздар өздеріне еліміздің басқа өңірлерінен достар тауып үлгеріпті. Сонымен қатар, олар тәжірибе жинақтап, әрі демалып қайтты.

Білім ордасының ақжолтай жаңалықтары бұнымен ортаймайды. Колледж студенттерінің кәсіби мотивациясын арттыру мақсатында «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2019 жылғы 25 ақпандағы № 99/15-11-07 хатына сәйкес «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты республикалық педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңін ұйымдастырған болатын. Аталмыш білім жарысында бақтарын сынаған Жезқазған гуманитарлық колледжінің «Jas teachers» командасы облыстық кезеңде жүлделі І орынға ие болды. Колледж оқытушылары Гүлнәр Серікбаева мен Рыскүл Түсіпназарова жетекшілік еткен топта Бекзат Маратов, Нұрайна Жүсіпбекова, Кәусар Имантаева, Жібек Советова, Аяулым Есмағанбетова, Ақбота Мейрамова, Еркеназ Түктібаева өнер көрсетіп, сайысқа түсті. Жас мұғалімдердің ендігі белесі – 3-5 мамыр аралығында Тараз қаласында өтетін республикалық кезең. Облыстан жүлделі оралған үздіктер босаңсымай, алда болатын үлкен жарысқа дайындықты бастап та кетті. Ендеше, гуманитарлық коллледж студенттеріне жарайсыңдар дей келе, алдағы сайыста сәттілік тілейміз!

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

БІЛІМ және ТӘРБИЕ

# БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ – БАЛАБАҚШАДА



**Тәуелсіздікке қолымыз жеткелі ата дәстүріміз бен ғұрпымызды сақтауда, тілімізді дамытуда өмірдің қай саласында болмасын ілгерілеушілік бар. Осы ретте бүлдіршіндеріміз тәлім-тәрбие алатын Айгул Дюсенбайқызы басшылық ететін №14 «Балдырған» бөбекжайы жайында айтып өтпеске болмас.**

Балаларды жастайынан ана тілін жетік білуге дамыту бағытында, сондай-ақ, олардың бойындағы қарым-қабілеті мен таланттарын ашуда тәрбиешілер Әсем Иманғалиқызы, Гауһар Манатқызы мен Мәриям Сайыпқызының еңбегі зор. Тәрбиеленушілердің бірінен бірі озған алғыр әрі тәртіпті болуында үлкен еңбек жатыр. Тәрбиешілер әр баланы ұйыта біліп, түрлі ойын, сайыстармен қызықтырудың нәтижесінде жетістікке жетуде. Уақыт өткен сайын бүлдіршіндердің таланттары ашылып, тіл байлығы дамып келе жатқанының куәсі болып, қуанудамыз.

Бөбекжайдың жетістіктеріне келер болсақ, былтыр балдырғандық әдіскер Светлана Құндызбайқызы дайындаған жас әншілер мен бишілер тобы Елордада өткен байқауға қатысып, жүлделі оралды. Өнер додасында «Вокал» номинациясында Ерсұлтан Қалдыбек пен Адина Шалқарбек жүлделі ІІ орынды иеленсе, жас бишілер Әдия Байғазиева мен Ясмина Мұхаметжанова қола жүлдегер атанды. Наурыз мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған «Ханзада мен ханшайым» сайысында өнерімен таң қалдырған Ерсұлтан Қалдыбек пен Асыл Асылбекқызы жеңімпаз атанды. Басқа қатысушылар да ескерусіз қалмай, түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Біздің топ бүлдіршіндері «Қазыбек би» атындағы ауылын жасақтап, халқымыздың ұмыт болып бара жатқан ерулік, бесікке салу дәстүрлерін жаңғыртты.

Бөбекжайдың қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген тәрбиеленушілер Әрсен Әкім, Әдия Байғазиева, Раяна Мұрат, Айсұлтан Жартыбаев, Ясмина Мұхаметжанова, Азамат Жұмажан, Адина Шалқарбек, Ерсұлтан Қалдыбек, Асыл Асылбекқызы, Бекарыс Нұрсейітов, Оразбек Нығмет, Дастан Қанат, Абылайхан Жақсылық, Әлихан Төлеген, Ариана Төлеу,Аниса Өміртаева бүгінде балабақша мақтанышына айналды.

Балаларымызға өнегелі тәлім-тәрбие берумен қатар, өнерге баулуда тынымсыз еңбек етіп жүрген тәрбиешілерімізге мың алғыс айтып, жемісті еңбек етулеріне тілектестік білдіреміз.

**№14 «Балдырған» бөбекжайы «Еркетай» тобының ата-аналары**